



АДАМ ЖАНЫНЫҢ АРАШАСЫ

7-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ӨЗЕКТІ

8-БЕТ | БІЛІМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЕЛІМІЗ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ҮШІН ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ТЕЗ БЕЙІМДЕЛІП, ТЫҢ МҮМКІНДІКТЕРДІ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ. БҰЛ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ. ОСЫ ОРАЙДА МЕМЛЕКЕТ ҒАЛЫМДАРҒА, САРАПШЫЛАРҒА, ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ЖАҢАШЫЛДЫҚ ӘКЕЛЕТІН МАМАНДАРҒА ЗОР ҮМІТ АРТАДЫ. ОЛАРҒА АЙРЫҚША МИССИЯ ЖҮКТЕЛЕДІ. СОЛ ҮШІН ДЕ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІМІЗДІ НЫҒАЙТА БЕРЕМІЗ. БАРЛЫҚ САЛАҒА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР ЕНГІЗУ ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЙМЫЗ. СОНДЫҚТАН БІРҚАТАР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕНІ НАЗАРҒА АЛУЫМЫЗ КЕРЕК.

№47 (4635) Сенбі 20 сәуір 2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



РИЯСЫЗ ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров Астанадағы Айкөл Манас ескерткішін салтанатты түрде ашты.

Мемлекет басшысы шарада сөйлеген сөзінде елордада мұндай еңселі ескерткіштің бой көтеруі, ең алдымен, қазақ халқының қырғыз ағайынға деген риясыз құрметінің белгісі екенін атап өтті.

– Екі жыл бұрын Бішкекте ұлы Абайдың ескерткіші ашылғанын білесіздер. Мен сол шараға арнайы барып қатыстым. Мұндай игі бастамалар екі елдің достық байланысын нығайта түсетіні сөзсіз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мыңжылдық тарихы бар Манас жырын барша адамзат руханиятында өзіндік орны бар бірегей мұра ретінде атап өтіп, оны тек қырғыз халқының ғана емес, тұтас түркі жұртының баға жетпес қазынасы деуге болатынын айтты.

– Әйгілі жырдың заман сынағынан аман өтіп, бүгінге жетуіне қазақ ғалымдары зор үлес қосқан. Осы орайда Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан сияқты біртуар тұлғаларды атап өтуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

60 ТОННА КӨМЕК ЖІБЕРІЛДІ

Су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге Астанадан гуманитарлық көмек беру жалғасып жатыр. Жалпы 29 наурыздан бері 1100 тоннадан аса жүк жөнелтілді.


Бейсенбі күні Әзірет Сұлтан мешіті тұрағынан тағы да 3 ауыр жүк көлігіне тиелген кезекті гуманитарлық көмек жолға шықты. Бұл жолы Астана қаласының мәслихаты мен әкімдігі, Қаржылық мониторинг агенттігі және қала кәсіпкерлері бірлесіп жинаған 60 тонна көмек Солтүстік Қазақстан облысына жіберілді. Жүк тізбесінде тамақ өнімдері, кереуеттер, матрацтар, моторы бар резеңке қайықтар және тағы басқалар болды.

(Соңы 4-бетте)



АЙНАЛАҢ ТАЗА БОЛСА – КӨҢІЛ ТАЗА

Елордада «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экология айлығы қарқынды жүріп жатыр. Осы аптада астаналықтар «Киелі мекен» акциясы аясында ескерткіштер мен тарихи ғимараттардың аумағын тазарту және абаттандыру жұмысымен айналысуда. «Киелі мекен» тазалық акциясы басталғалы елордада 50-ге жуық ескерткіш аумағы тазартылды. Ал алдағы аптада «Жасыл аймақ» акциясы ұйымдастырылып, ағаш отырғызу мен көшеттерді әктеу жұмысы жүргізіледі. Экология айлығы 11 мамырға дейін жалғасады.



Кеше Telegram-арнада елорданың бірнеше мектебіне шабуыл жасалып, адамдар өлтірілетіні туралы хабарлама тараған. Осыған байланысты Астана қаласының Полиция департаменті мәлімдеме жасады.

Астана қаласының Полиция департаменті бұл ақпараттың шындыққа жанаспайтынын және азаматтарды тек ресми ақпараттарға сенуге шақырды. Терроризм актісі туралы жалған хабарлау фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды. Барлық қажетті тергеу әрекеті жүргізілуде.

«Дайындалып жатқан терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабар таратқаны үшін 5000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе 5 жылға бас бостандығынан айыруға жазаланатынын еске саламыз» деп жазылды.



Қазгидромет елімізде мамыр айында 40 градусқа дейін ыстық болуы мүмкін екенін болжайды.

Мамандардың айтуынша, солтүстікте күндіз ауа температурасы +35 градусқа дейін, ал оңтүстікте +40 градусқа дейін жоғарылауы мүмкін. Атап айтқанда, республикамыздың солтүстік жартысында күндіз +25-35°C дейін ыстық болуы мүмкін, ал оңтүстік жартысында +30-40°C дейін ыстық болуы мүмкін екені болжанып отыр.

АСТАНАДА ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ 19 СӘУІРДЕ АЯҚТАЛДЫ

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 476.78 \$ USD/KZT 447.89 ₸ RUB/KZT 4.81 ¥ CNY/KZT 61.89

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№47 (4635) 20/04/2024 Сенбі

МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Бейсенбі күні Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров екі ел өнерпаздарының гала-концертінің тамашалады. Бейбітшілік және келісім сарайында өткен шарада Қазақстан мен Қырғызстанның танымал мәдениет қайраткерлері өнер көрсетті. Бұдан бөлек, концертте «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театрының әртістері, «Гүлдер», «Астана сазы», «Арқасыры» (Қырғызстан) ансамбльдері сияқты шығармашылық ұжымдар көрермендерге керемет көңіл күй сыйлады. Бағдарлама аясында «Манас» эпосынан үзінді оқылып, қос халыққа кең тараған әндер мен күйлер орындалды. Сондай-ақ бірнеше хореографиялық композиция ұсынылды. Сонымен қатар концертті Қырғызстанның ресми делегациясы мүшелері мен зиялы қауым өкілдері тамашалады.

Қазақстанның мәдениет қайраткерлері Қырғызстанның мемлекеттік наградаларымен марапатталды. «Қырғыз Республикасының Халық әртісі» құрметті атағы композитор Алтынбек Қоразбаев пен әнші Роза Рымбаеваға; «Данакер» ордені мәдениеттанушы Мұрат Әуезов пен ақын Мұхтар Шахановқа; «Достук» ордені әдебиеттанушы, журналист Сауытбек Әбдірахманов, түркітанушы ғалым Мырзатай Жолдасбеков, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма төрағасы Жансейіт Түймебаевқа; «Даңқ» ордені Халықаралық түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұловаға; «Даңқ» медалі «Таң-Шолпан» көркем-әдеби журналы редакторлар кеңесінің төрағасы Дидар Құлқеновке берілді.

ШАҒЫН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровты салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қаруының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің әнұрандары шырқалды. Салтанатты рәсімнен кейін президенттер келіссөз залына барды. Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Қырғызстан Президенті сапарының екі тарап үшін де мән-маңызы айрықша екенін атап өтті.

«Бүгін біз Одақтастық қатынастарды нығайту және кеңейту туралы тарихи келісімге қол қоямыз. Осы маңызды құжат қазақ-қырғыз байланыстарының дамуына тың серпін беретініне сенімдімін. Ел аузында «Қырғыз бен қазақтай бір-біріне жақын халық жоқ» деген сөз бар. Бұл – дұрыс айтылған тұжырым» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның бұрын-соңды болмаған су тасқынымен күресіп жатқанын атап өтіп, осындай қиын-қыстау кезде гуманитарлық көмек көрсеткені үшін Қырғызстан Президентіне және барша қырғыз халқына алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-қырғыз қатынастарының қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды. Президенттің пікірінше, бұған белсенді саяси диалог, үкіметаралық және парламентаралық тығыз байланыстар ерекше серпін беріп отыр.



ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ КЕМЕЛ КЕЛЕШЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровты елорда әуежайында қарсы алды. Сапар аясында кеше Ақордада жоғары деңгейде екіжақты келіссөздер жүргізіліп, бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды. Келіссөз барысында тараптар саяси, көлік-транзиттік, энергетикалық салалардағы өзара ықпалдастықты нығайту мәселелерін талқылады. Сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібін қарастырды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров Қазақстан мен Қырғызстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты.



«Екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық жылдан-жылға нығайып келеді. Былтыр өзара тауар айналымы 1,5 миллиард долларға жетті, яғни 26 пайызға өсті. Алдағы мақсатымыз – алыс-беріс көлемін 2 миллиард долларға жеткізу. Сонымен қатар осы бағытта болашағы зор бірқатар жоба қолға алынды. Жалпы, сауда-экономикалық саладағы уағдаластықтар орындалып жатыр» деді Мемлекет басшысы.

Келіссөз барысында мәдени-гуманитарлық байланыстарға да назар аударылды.

«Өзара мәдениет күндерін өткізу игі дәстүрге айналды. Жастар арасындағы ықпалдастық күшейді. Білім беру саласында тәжірибе алмасып жатырмыз. Бүгін өзіңізбен бірге Астанада әйгілі Манасқа ескерткіш ашамыз. Осының бәрі қазақ-қырғыз қарым-қатынасы жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Біз оны жаңа белеске көтеруге мүдделіміз» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі мемлекет арасындағы дәстүрлі достық пен тату көршілік қатынастарды нығайтуға Қырғызстан Президентінің қосқан үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді.

Өз кезегінде Садыр Жапаров қырғыз делегациясына қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан тарапына ризашылығын білдірді.

«Қазақстан – біздің ең жақын көршіміз. Сыртқы саясатымызда ерекше артықшылықтарға ие болған бауырлас мемлекет әрі негізгі сауда серіктестеріміздің бірі. Екі ел арасында ешқандай саяси, аймақтық қайшылық жоқ. Мемлекет басшысы лауазымына келгелі бері қырғыз-қазақ қарым-қатынасы болсын, халықаралық құрылымдарда болсын, маған қолдау көрсетіп келесіз. Біз бауырлас қазақ халқына су тасқыны салдарынан туындаған қиын кезде қолдан келген көмекті беруге дайынбыз. Екі елді ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан достық, бауырластық, тату көршілік байланыстар, сондай-ақ ортақ мәдени, рухани және діни құндылықтар біріктіреді. Өзара ынтымақтастығымыз бен стратегиялық серіктестігіміздің одан әрі нығая беретініне сенімдімін» деді Садыр Жапаров.

Бұдан бөлек, келіссөз барысында тараптар саяси,

көлік-транзиттік, энергетикалық салалардағы өзара ықпалдастықты нығайту мәселелерін талқылады. Сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібін қарастырды.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ СЕРПІНІ

Екі ел басшыларының төрағалығымен Қазақстан мен Қырғызстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің алтыншы отырысы өтті. Мемлекет басшысы қазақ-қырғыз қатынастары стратегиялық серіктестік рухында дамып келе жатқанын атап өтті.

«Біз одақтастық байланысты нығайтуды қолға алдық. Бүгін біз тарихи келісімге қол қоямыз. Осы маңызды құжат қазақ-қырғыз қатынастарының дамуына тың серпін беретініне ешқандай күмән жоқ. Сондықтан біз бұл келісімге үлкен үміт артып отырмыз. Оған біздің мүмкіндігіміз де, ынта-жігеріміз де жеткілікті. Жоғары мемлекетаралық кеңестің отырысы ынтымақтастық аясын кеңейтуге жол ашады деп санаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев

ел арасындағы Жоғары мемлекетаралық кеңестің шешімдерін іске асыру үшін тиісті шараларды жүзеге асырып жатыр. Бүгінгі кездесулеріміз екі елдің өзара ынтымақтастығына тың серпін беретініне сенімдімін» деді Садыр Жапаров.

Президенттер бүгінгі талқылаулардың табысты болғанын, екіжақты ықпалдастықтың басымдықтары мен алдағы міндеттері айқындалғанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы қатынастарды мүлде жаңа деңгейге көтеруге өзара ниетті екенін айтты. Сонымен қатар жиын барысында сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, су-энергетикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық мәселелері қарастырылды.

Жиында Қазақстан Премьер-министрінің орынбасары Серік Жұманғарин, Қырғызстан Министрлер кабинеті төрағасының бірінші орынбасары Адылбек Қасымалиев, Қазақстанның Көлік министрі Марат Қарабаев, Қырғызстанның Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары – Шекара қызметінің директоры Уларбек Шаршеев, Қазақстанның Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Қырғызстанның Энергетика министрлігінің бірінші орынбасары Назгул Усенова, Қырғызстанның Су ресурстары, ауыл шаруашылығы және өңдеуші өнеркәсіп министрінің орынбасары Алмазбек Сокеев, Қазақстанның Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Қырғызстанның Мәдениет, ақпарат, спорт және жастар саясаты министрі Жәлтынбек Максұтов сөз сөйледі.

I ДӘРЕЖЕЛІ «ДОСТЫҚ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровқа I дәрежелі «Достық» орденін табыс етті. Салтанатты рәсім барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровтың екіжақты қарым-қатынастарды дамытуға және нығайтуға зор үлес қосып отырғанын атап өтті.

«Қырғызстан – біздің ежелден еншісі бір, тамырлас туысымыз. Ең жақын әрі сенімді стратегиялық серіктесіміз. Қос халықтың бауырластығы – өзара тиімді қарым-қатынастың алтын арқауы. Бұл іске Сіз зор үлес қосып келесіз. Мен оны жоғары бағалаймын» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан Қырғыз елімен стратегиялық әріптестік пен одақтастыққа негізделген ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі. Біз болашаққа бірге қадам басамыз. Мәңгілік достығымыз бен мызғымас бауырластығымыз жалғаса береді.

«Сіз халықтарымыз арасындағы өзара тиімді байланыстарды нығайтуға зор еңбек сіңірдіңіз. Мен осыны ескере отырып, Сізді I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Бұл – ерекше құрмет пен шынайы ризашылықтың белгісі. Осы марапат екі елдің қарым-қатынасын одан әрі дамытуға ықпал етеріне сенімді мол. Қазақстан мен Қырғызстанның достығы мәңгі жалғаса берсін!» деді Мемлекет басшысы.

Садыр Жапаров Қасым-Жомарт Тоқаевқа шын жүректен алғыс айтып, екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықты одан әрі нығайту үшін бар күш-жігерін салуға дайын екенін мәлімдеді.

5,8 МЫҢ ОТБАСЫҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ

Ел Үкіметі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша жойқын су тасқыны салдарынан зардап шеккен азаматтарға келген залалды бағалау және өтеу бойынша жұмыс жүргізуде.

Бүгінгі таңда арнайы құрылған өңірлік комиссияларға Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Абай және Ұлытау облыстарының тұрғындарынан 13577 отбасы келіп түскен. 5803 отбасы 100 АЕК немесе 369200 теңге көлемінде жалпы сомасы 2 млрд теңгеден астам біржолғы төлем алды. 877 отбасыға келтірілген материалдық шығын үшін жалпы сомасы 380 млн теңге өтемақы төленді. Мал шығыны үшін берілген өтемақының жалпы сомасы 38,9 млн теңгеге жетті.

Ағымдағы жылдың 18 сә-

уіріндегі жағдай бойынша зардап шеккен өңірлерде 2602 тұрғын үй тексеріліп, олардың 1499-ына бағалау жүргізілді. Нәтижесінде 794 үй жөндеуге келетіні, 701 баспананың қалпына келтіруге жарамсыз екені анықталды. Қазіргі уақытта 197 отбасыға баспанасын жөндеу үшін жалпы сомасы 218,6 млн теңге өтемақы төленді. 33 отбасыға қираған үйдің орнына жаңа баспана және пәтер берілді. Павлодар, Қарағанды және Ақтөбе облыстарында тұрғын үйлердің құрылысы басталды.

Бағалау және залалды өтеу бойынша тиісті жұмыстар жалғасуда. Президент атап

айтқандай, барлық зардап шеккен азаматтарға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіледі.

«Үкімет зардап шеккен азаматтардың барлығына қолдау көрсетеді. Біз су тасқыны салдарынан болған барлық шығынды өтейміз. Әрбір азамат, әрбір отбасы мемлекеттің қамқорлығында болады. Бұл – мен үшін басты міндет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысының эвакуацияланған тұрғындарымен кездесуінде.

Бұған дейін су тасқыны салдарынан келген залалға өтемақы алу үшін іс-қимыл алгоритмі жарияланған болатын.



150 ТОННА ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖІБЕРІЛДІ

Аманат партиясы үйін су басқан оралдықтарға 150 тоннаға жуық гуманитарлық көмек берді. Дағдарған халыққа медет болған бұл жәрдемді партияның Астана, Алматы, Жетісу, Шымкент, Қызылорда облыстарындағы филиалдары жіберген.

Оралға келген азық-түлік сұрыпталған соң, отбасы қажетіне қарай теңдей бөлініп, таратылады. Бұл үшін зардап шеккендер тиісті құжатын көрсетсе жеткілікті. Қазір көмек алушылардың тізімі реттелген. Яғни үйін су басқан

соң пәтер жалдап немесе туыстарын сағалағандарға ғана көмек беріледі. Өйткені эвакуация орталығын панаулаған тұрғындар азық-түлік, өзге де керек-жарақпен толық қамтамасыз етілген. Аманат партиясының атсалысуымен

5 күнде 2 мыңға тарта отбасы азық-түлікпен қамтылды. Әр отбасыға 30 келі ұн, 5 литр сұйық май мен қант, қарақұмық, макарон өнімдері беріледі. Бұл азық-түлік қоры бір аптаға жетеді деп жоспарланған.



ТАСҚЫН ТАПШЫЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАЙДЫ

Еліміздің әртүрлі аймағында су тасқыны қаупі артқанда «Астанаға да топан судан қауіп төніп тұр» деген алыпқашпа әңгімелер әлеуметтік желіде тарағаны мәлім. Осыған орай, Астана қаласынан сайланған сенатор Бибігүл Жексенбай өз әріптестері Галиаскар Сарыбаев пен Алишер Сатвалдиевпен бірге қала сыртындағы гидротехника нысанына барып, су қоймаларындағы ахуалмен танысты. Сенаторлар қазір қалаға келетін су көлемі біртіндеп азая бастағанын айтады.

«Астана қаласы арқылы тасқын суларын өткізуге және ықтимал су тасқынынан қорғауға арналған «Астана» қарсы реттеуіші нысанның жағдайын өз көзімізбен көрдік. Барлығы толыққанды бақылауда, реттегіш деңгейіне сәйкес жұмыс істеп тұр. Астана контррегуляторы қазір секундына 30 текше метр суды жіберуде. Қарсы реттегішке түсетін су секундына 248 текше метрді құрайды. Бүгінгі таңда қарсы реттегіштің ағызуын 40 текше метрге дейін жеткізу

жоспарлануда. Сондай-ақ Астана қаласы мен Ақмола облысының әкімдіктері бірлесіп, жақын маңдағы елді мекендер мен қаланы су басуының алдын алуда» дейді Б.Жексенбай.

Сенат депутаты Ақмола облысында Астана су қоймасын толтыру 99,6 пайызды құрағанын, бұл елорда тұрғындарын жыл бойы ауыз сумен қамтамасыз етуге, сондай-ақ Есіл өзенінің гидрология жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретінін мәлім етті.

«Астана су қоймасындағы өзеннің өткен жылғы көлемі қаланы ауыз сумен толық қамтамасыз ете алмағандықтан, су қоймасын Сәтбаев каналы арқылы толтыру қажет болған еді. Биыл көктемгі су тасқыны су қоймаларын толыққанды қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр. Табиғи сынақ тек сабақ қана емес, ертеңгі күнге қайырлы болып, жаз кезінде су тапшылығының алдын алуға мүмкіндік те береді деп сенейік» деді ол.

ҮШ ОБЛЫСТА ЖАҒДАЙ УШЫҒУЫ МҮМКІН

Ақмола, Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында жағдай ушығуы мүмкін дейді мамандар. Сәуірдің 22-сіне дейін Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында күн күрт жылып, жауын-шашын болады. Соған байланысты таулы аудандарда сел жүріп, өзендердегі су деңгейі шекті мөлшерден асады. Ал Ақмола облысындағы Нұра өзенінде су деңгейі күн сайын көтеріліп келеді. 4 сағатта 6 см-ге артып, шекті мөлшерден 5 см-ге асқан.

Ресейдің Орынборынан шыққан нөпір су Батыс Қазақстан мен Атырау облыстарына сәуірдің 20-сында жетеді деген болжам бар. Соңғы мәліметке сәйкес, Орал қала-

сындағы Жайық өзенінің деңгейі 8 метрге жеткен. Қауіпті деңгей – 8,5 метр. Жайықтың Бөрлі ауданындағы су деңгейі 10 метрге жетті. Бұл 60 мыңға жуық халқы бар аудан үшін

қауіпті, сондықтан онда күнігін тасқынмен күрес жұмысы жүріп жатыр. Облыс бойынша 23 тасқолды су шайды. Салдарынан 9 елді мекенге көлік қатынасы жоқ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ТӘРБИЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Елордадағы Қазақ ұлттық хореография академиясында Ұлттық құрылтай мүшесі, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Кәрімбек Құрманәлиевпен «Жалпыұлттық құндылықтар» тақырыбында жастармен кездесу өтті.

Индира
БЕРЖАНОВА

Күні кеше Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы білім алушылармен кездесудің негізгі өзегі ретінде таңдалды. «Адал адам – Адал

ұмтылуы керек. Білікті кадр атау үшін еңбек етпей, маңдайдан тер төкпей, мақсатқа жетудің мүмкіндігі жоқ. Елім маған не бере алады деп емес, мен елім үшін не бере аламын дейтін Алаш баласының түптің-түбінде маңдай терімен тапқан адал

фия академиясының ректоры Бибігүл Нүсіпжанова өнердің биігіне талмай еңбек етудің арқасында жетуге болатынын баса айтты.

– Ұлттық құрылтай мен ұлттық құндылықтар тақырыбында өткен, сұрақ-жауап форматында



еңбек – Адал табыс» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен ұйымдастырылған ауқымды жиын жас буын үшін ұлттық құндылықтарымыздың маңызын айқындап берді. Ұлттық құрылтайда көтерілген адами қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіру – аталмыш кездесудің басты мақсаты.

Кездесуде профессор Кәрімбек Құрманәлиев мемлекеттің бәсекеге қабілетті болуында жалпыұлттық құндылықтарға баса мән беретін ұрпақты қалыптастыру маңызы туралы кеңірек сөз қозғады.

«Еңбекқорлық, білімпаздық және адами қасиеттер секілді жалпыұлттық құндылықтарды ұлықтайтын саналы ұлт тұтас елдің даму күшіне айналады. Адал еңбек салтанат құрған қоғамда ғана әділетті Қазақстан орнайды. Жастарымыз диплом алуға емес, жақсы маман болуға

еңбегінің наны тәтті болмақ. Жастар өнерді ғылыми деңгейде зерттеуге ұмтылғаны абзал. Себебі өнердің де әлі ашылмаған қыры көп. «Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз...» деген ұлы Абайдың ілімі «Адал еңбек» концепциясын жан-жақтан ашып көрсетеді. Ұрпақ тәрбиесі отбасынан басталады. Сондықтан әр ата-ана еңбекке баулуың мән-мағынасын ұғындырып қана қоймай, іс жүзінде балаларына көрсете білуі қажет» деді өз сөзінде академик.

«Келісіп пішкен тон келте болмас» дейді дана халқымыз. Ұлттық құрылтай осы тәмсілдің негізіне құрылғаны сөзсіз. Бүкіл елді біріктіретін алқалы жиынның маңызы жайында өнер ошақтарының білім алушылары да қалыс қалмай, білуге, түсінуге ұмтылуы қуантады. Қазақ ұлттық хореогра-

өрібінен іс-шара жастар үшін өте қызық болды. Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдасып, бір шешімге келген. Осының негізін академик Кәрімбек Құрманәлиев жаттанды сөздермен емес, өз тәжірибесінен мысалдар келтіре отыра, жақсы жеткізді. Отаншыл, елін, өз ісін сүйетін жандардың бойында еңбекқорлық қасиеті бірінші тұрады, – деді Б.Нүсіпжанова.

Кездесуге академияның студенттері, колледж білім алушылары және мектеп оқушылары қатысып, тақырыпқа қатысты өздерін толғандырған сұрақтарды қойды. Іс-шара соңында академия атынан спикерге қазақ би өнерінің падишасы Шара Жиенқұлова туралы оқу орны шығарған туынды естелікке тарту етілді.

№47 (4635) 20/04/2024 Сенбі

БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қалалық мәслихаттың мәжіліс залында Қоғамдық кеңестің отырысы өтіп, онда Астананың 2023 жылға арналған бюджетінің атқарылуы туралы мәселе қаралды.

**Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ**

Қаржы басқармасының басшысы Алиби Жұмаев өткен жылға арналған бюджеттің атқарылуы жөнінде айта келе, бұл жолы бөлінген қаржының көлемі үш есеге дейін өскенін және кейбір мекемелерге бөлінген қаржының игерілмегенін атап өтті.

Жылдағы дәстүр бойынша қосымша қаражат денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласында қарттар мен мүгедектері бар адамдар үшін жал-

пы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге, бірінші топтағы мүгедектер үшін жеке көмекшінің қызметтерін ұсынуға арналған шығыстар жоспарланған; білім беру саласында оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуға және жеткізуге, дамуында проблемасы бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуға және әлеуметтік бейімдеуге,

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, сондай-ақ мәдениет саласындағы мемлекеттік шығармашылық тапсырысты және спорт саласындағы мемлекеттік спорт тапсырысын жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға көзделген.

Сонымен бірге қоғамдық кеңес отырысында «Астана қаласының аумағында бөлшек салықтың мөлшерін төмендету туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 30 маусымдағы №50/5-VIII шешіміне өзгерістер енгізілді.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2024 жылғы екінші тоқсанға арналған шекті мәні бекітіліп, Астана қаласының әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі айқындалды.

ЖАҢА МАМАНДЫҚ АЛДЫ

Астана қаласы әкімдігінің бастамасымен ашылған Joltar жобасының қысқамерзімді тегін курсының арқасында 2 мыңнан астам жұмыссыз астаналық жаңа мамандық иесі атанды.



«Жаңа мүмкіндік» қоғамдық қоры – бұл қызметті жүзеге асырушы. Жоба жетекшісі Ерасыл Ділдайымның айтуынша, бастама елорданың жұмыссыз тұрғындарын жұмыспен қамту шараларына жауапты. Атап айтқанда,

қысқа мерзімді оқыту және жұмысқа орналастыруда өзінің тиімділігін көрсетті.

«Жобаның мақсатты аудиториясы – NEET жастары, жұмыссыздар және жаңадан көшіп келгендер. Оқытушы-

ларымыздың айтарлықтай тәжірибесі бар, олар – белсенді практиктер. Оқу кабинеттері барлық қажетті құралмен жабдықталған. Ал курстарға жазылу үшін модульдік пункттеріміздің біріне келуіңіз керек» дейді менеджер.

Мұнда мынадай мамандықтар бойынша қысқамерзімді оқу бағдарламасы қарастырылған: бариста, сатушы-кассир, әмбебап тамақтандыру қызметкері, тігінші, сәнгер, электр және газбен дәнекерлеуші. Сонымен қатар цифрлық дағдыларды алуға мүмкіндік қарастырылған – таргетинг, SMM, видеомонтаж, маркетинг, мобилография, графика дизайны, веб-дизайн, негізгі цифрлық дағдылар. Яғни қатысушылар таңдай алатын 15 мамандық бар, оқу бағдарламасы еңбек нарығының сұранысы негізінде құрастырылған және мамандыққа байланысты ең қысқа мерзімде 2 аптадан 1 айға дейін практикалық дағдыларды беруге бағытталған.

Жоба жүзеге асқан уақытта бірқатар түлек өз ісін ашу үшін мемлекеттік гранттар мен шағын несиелерге ие болды, өз бизнесін алға жылжыту үшін қажетті цифрлық дағдыларды меңгерді. Бизнес-жобаларға кофеханалар, ательелер мен тұрмыстық дүкендер кіреді.

ВАНДАЛИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

Республикалық «Таза Қазақстан» экология науқаны аясында Астанада вандализмге қарсы бағытталған «Тоқта, вандал!» акциясы өтті. Іс-шараның өтуіне Сарыарқа ауданы әкімдігі, қалалық Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасы, елордалық мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйым өкілдері және «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының волонтерлері ұйытқы болды.

**Индира
БЕРЖАНОВА**

Акция қала мүлкін қорғауға, қоғамдық орындарда тәртіпті сақтауға бағытталған. Бөтеннің мүлкін қасақана бұздыру әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады. Вандализм жасағандар жазасыз қалмайды.

«Вандализм қоғам мүлкіне зиян тигізу ғана емес, тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығына қауіп төндіретінін ескерген жөн. Бұл акция қоғамдық мүлктің бүлінугіне жол бермеуді, сондай-ақ азаматтардың санасы мен жауапкершілігін арттыруда насихаттайды. Жалпы әрбір азамат қала тазалығына немқұрайды қарамауы қажет. Әсіресе жастар вандализм әрекетінің алдын алып, таза әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға атсалысқаны дұрыс» деді елорда Жастар саясаты басқармасының басшысы Самат Ибраев.



«Тоқта, вандал!» акциясы қалада дәстүрлі түрде волонтерлердің қатысуымен өтеді. Оның аясында қоғамдық орындарда рейд өтеді. Бұл туралы Астана қаласы Полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының бөлім бастығы, полиция подполковнигі Сергей Ильиних кеңірек тарқатты.

«Саябақтар, аулалар, көшелердегі мүлкті бұздыртын бұзақылық әрекеттердің алдын алу бойынша тұрақты негізде бас қалада рейд өтіп, алдын алу бойынша жұмыс жүреді. Оның барысында есірткіні жасырын, бұрқамелеп насихаттауға тырысатын көше жарнамалары жойылады. Насихаткерлердің көбейе түсуіне есірткіні таратушы мен сатушылардың, насихаттаушылардың үлесі мол. Олар билборд, пилон сияқты жарнама құрылғыларын да, граффити сыз-

баларды да астыртын пайдаланып, «үн, «түз», «кір жуу ұнтағын» сатамыз» деп жалған жарнама беретіні анықталып отыр. Аталмыш әрекеттер үшін жарнама берушілер 2019 жылдан бері Қылмыстық кодекстің 299-1-бабы бойынша 3 жылдан 6 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Соңғы кездері оған жасөспірімдер тарапынан қызығушылық байқалады. Сондықтан осындай рейд не акция барысында жастармен түсіндіру жұмысы жүргізіледі. Оларға есірткі қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілік 14 жастан басталатынын ескертеміз» деді С.Ильиних.

«Тоқта, вандал!» акциясы алдағы уақытта қаланың басқа да аудандарында өтеді деп жоспарланған. Оған мектеп оқушылары, студенттер және қаланың өзге белсенді жастары тартылады.



60 ТОННА КӨМЕК ЖІБЕРІЛДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Өткен аптада елорда тұрғындары, кәсіпкерлер, еріктілер, сондай-ақ елордалық мәслихат депутаттары 8 ауыр жүк көлігіне тиелген түрлі азық-түлік және тұрмысқа күнделікті қажетті заттарды жіберген болатын. Жалпы 100 тонна гуманитарлық көмек Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарына жеткізілген. Астанада гуманитарлық көмек көрсету әлі де жалғасып жатыр» деді Солтүстік Қазақстан облысына көмек жіберушілер қатарында болған Астана қаласы мәслихаты-

ның төрағасы Ерлан Каналимов.

Сондай-ақ елордада қоғамдық ұйымдардан да гуманитарлық көмек жинау ұйымдастырылып жатыр. Жекелеген адамдар да қаладағы көмек қабылдау орындарына тұрмысқа қажетті заттарды әкеліп беруде.

Астана қаласы бойынша гуманитарлық көмек қабылдау пункттері: А.Петров көшесі, 7-үй; Ш.Қалдаяқов көшесі, 11-үй; әл-Фараби көшесі, 16-үй; Тамшалы көшесі, 24-үй; Б.Момышұлы даңғылы, 26-үй; Қарасай бағыр көшесі, 2-үй; Ш.Әлиханов көшесі, 25/2-үй; М.Жұмабаев көшесі, 21Б-үй.

РОБОТОТЕХНИКТЕР ЖАРЫСЫ ӨТТІ

Елордадағы оқушылар арасында «Roboarena-2024» робототехникадан қалалық жарыс өтті. Оған жалпы білім беретін 83 мекемеден 84 команда, 84 талапкер қатысты.

**Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ**

Сайыс Астана қаласы әкімдігінің Білім басқармасы, «Техникалық шығармашылық орталығы» ұйымдастыруымен «Білім парк» ғимаратында өтті. Жарыс демеушісі – «Атамның аманаты» қоғамдық қоры. Оқушылар «Лабиринт», «Интеллектуалды сумо», «Сызық бойымен жүру», «Робогеометрия» бағыты бойынша бақ сынады. – «Roboarena-2024» қалалық жарысы биыл төртінші рет осындай атаумен ұйымдастырылды, осы сайыс Қазақстан Республикасы Мәжілісінің 30 жылдығына арналып отыр. Мұндай жарыс, додалар робототехника, инженерия және бағдарламалау салаларында дарынды балаларды анықтау және оларды қолдау үшін қажет. Жастар арасында техникалық мамандықтарды танымал ету, болашақ өндіріске қажет мамандардың негізін жасайтын дағдыны қалыптастырады, сол арқылы еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие, керек маман иесі бола алады, – дейді жарыс ұйымдастырушының бірі, осы кәсіптік білім беру саласында 40 жылдай еңбек еткен педагог, Астана қаласы әкімдігі техникалық және көркем шығармашылық орталығының директоры Қанағат Чарахметов.

Кәсіптік білім беретін колледжде ең жоғары сұранысқа ие мамандықтар: «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», «Мехатроника», IT, «Дизайн, азаматтық ғимараттарды жобалау, қалпына келтіру, қайта құру», «Бағдарламалық қамтамасыз ету», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану».

Қазір елде 3000-ға жуық мектеп робототехника кабинеттерін жабдықтаған. Астана мектептерінің оқушылары да қалалық, республикалық, халықаралық байқауларда топ жарып жүр.

– Мен былтырдан бері осы робототехникадан жарыстарға қатысып жүрмін. «Сызық бойында жүру» бағыты бойынша бақ сынамақпын. Ұстазым – көркем еңбек пәнінің мұғалімі Абай Қазымбек. Өткен жылы Оқушылар сарайында мектептер арасында өткен байқаудың дипломанты атандым, – дейді Нәзір Төреқұлов атындағы №35 мектеп-лицейдің 5-сынып оқушысы Қайсар Қуанышбай.

Қалалық жалпы білім беру мекемелерінің оқушылары арасында робототехникадан жарыс қорытындысы бойынша орын алғандар дипломмен марапатталып, арнайы жүлделерге ие болды.



Гүлшат
САПАРҚЫЗЫЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ –
АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Рамзия Фаатқызы – ел астанасы оңтүстіктен Сарыарқа төріне қоныстанған кезде елорданың білім саласын көтеруге атсалысқан алғашқылардың бірі. Мектеп директоры, білім беру саласының үздігі, құрметті қызметкері Рамзия Өмірбаеваның өмірлік ұстанымы берік, мақсаты айқын. Ол елордалық мектепте заманауи білім беруді қолдап, онда баланың өзі білім алуға ұмтылып, өзін-өзі дамытуға, әртүрлі салада өз күшін сынап көруге қызығушылық таныту үшін жағдай жасау жолында қыруар жұмыс атқарған жан. 30 жылдан астам мектеп директоры қызметін атқарған ол оқу ордасы құрылуының қиын да күрделі кезеңінде, ұжымның қалыптасуы шағында, жеңісті де қуанышты сәтінде басы-қасында болды. Осыншама жүкті абыроймен атқарған ол – алысты болжай білетін көреген, объективті пікірін ашық айтатын, әділ, іскер басшы, заманауи педагогиканы меңгерген мобильді педагог ретінде танымал тұлға.

Рамзия Фаатқызының іскерлік қабілеті оның кәсіби қызметінде қалыптасты. Ол 1999-2004, 2016-2021 жылдарда Астана қаласы мәслихатының II, VI шақырылымының депутаты болды. II шақырылымдағы

ЕРЕКШЕ КЕЗЕҢДЕ ҚЫЗМЕТ АТҚАРДЫ

Биыл – Астана қаласы мәслихатының құрылғанына 30 жыл. Елорданың ғана емес, еліміздің барлық мәслихатына үлгі болып отырған Астана қалалық мәслихат депутаттары өз міндетін қаланы дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын бекіту арқылы орындап жүр. Елге қызметті абыроймен атқарған халық қалаулылары аз емес. Соның бірі – мәслихаттың 1999-2004, 2016-2021 жылдарда Астана қаласы мәслихатының II, VI шақырылымының депутаты болған білікті педагог, №17 мектеп-гимназия директоры, педагогика ғылымдарының магистрі, қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі Рамзия Өмірбаева.



мәслихат бір ерекше кезең – елорданың көшіп келіп жатқан жауапты кезеңі еді деп еске алады Рамзия Өмірбаева.

– Депутаттық қызмет – бұл көп ойлануды керек ететін үлкен жұмыс, мерейлі міндет. Нәтижесі жалпы қалаға ғана

емес, адамдардың өміріне де әсер ететін жауапты жұмыс. Халық қалаулылары қиын өмірлік жағдайға тап болған

Рамзия Фаатқызы сайлаушылардың өтініш-тілектерін орындай отырып, адамдарды қала өмірін жақсартуға қатысуға, өзін-өзі басқаруды дамытуға, биік азаматтық позиция ұстануға шақырды. Елорданың өзекті мәселелерін шешуге өз ұсыныстарын жеткізіп жүрді. Өзінің қызмет түрі, білімі және ортасы бойынша әлеуметтік салаға интеграцияланған ол адамдармен жұмыс істеуге әрқашан мүдделі болатын. Адамдарға қиын сәтте көмектесу, қолтығынан демеу – бұл Рамзия Фаатқызының жаратылысынан бойына біткен қасиет.

ӘЙЕЛ – ОТБАСЫ МЕН ОТАН ҰЙЫТҚЫСЫ

– Өз отбасын және елін қорғауға қабілетті саясаткер – адамдардың пікірлерін тыңдау арқылы ортақ істерге ұмтылатын тұлға. Елдегі бейбітшілік пен ұлттың денсаулығын ойлаған депутат мәдениетті көтеру мен қауіпсіздікпен қамтамасыз ету жолында балалар мен көмекке зәру қарттарды ұмытпайды, бұл мақсатта жаңа, тың қадам жасайды және қазірдің өзінде жасалғанды қорғайды, сонымен бірге саясаткер әйел өмірді жалғайды, өсіп-өнуі еркендеті түседі. Өйткені бұл басқаның емес, бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеген әйел-саясаткердің ғана қолынан келуі мүмкін, – деп ақтарылды Рамзия Фаатқызы.

Отан алдындағы қалтқысыз қызметі үшін, білім мен ғылымға сіңірген еңбегі үшін

Р.Өмірбаева алғыс хаттармен, медальдармен, «Құрмет» орденімен марапатталған. Француз Республикасы Ұлттық білім министрінің ұсынысы бойынша және 2022 жылғы 12 шілдедегі қаулысымен Р.Өмірбаева Қазақстанда француз тілін оқытуды қолдау мен дамытуға сіңірген еңбегі үшін, сондай-ақ франко-қазақстандық білім беру ынтымақтастығын нығайтуға қосқан үлесі үшін Академиялық Пальмалар Орденінің Кавалері атағына ие болды. Академиялық Пальма ордені 1808 жылы император Наполеон I құрған Франциядағы ең көне азаматтық сыйлық екенін ескерсек, Рамзия Фаатқызы еңбегінің елеулі екенін аңғаруға болады.

Білікті педагог, іскер басшы, белсенді депутат, халық қалаулысы Рамзия Фаатқызы қоғамдағы, әлеуметтік саладағы оң өзгерістермен бірге адамдар да жақсы жағына қарай өзгеретініне қуанады.

– Қоғамдағы жақсы өзгерістер, игі амалдардың әсері мол. Осы арқылы азаматтардың өзіне деген сенімі ұлғайып, болашаққа ұмтылысы күшейе түседі. Сондықтан да өмірім босқа өткен жоқ, депутат, мектеп басшысы, адам ретінде талай абыройлы істі атқардым, әлі де ғұмырым жеткенше осы бағыттағы игі жұмыстарымды жалғастыра беремін, – дейді Рамзия Өмірбаева.

Ол адамдарға қол созып, өміріне айрықша әсер еткен жылдарын осылайша еске алады. Шын мәнінде көмектесе алғанын осылай мақтанышпен жеткізеді, өйткені халықтың сенімінен шығу – абыройлы міндет.

Рамзия Фаатқызы алдағы уақытта да саяси бәйгеде елінің ертенін, балаларымыздың болашағын ойлайтын нағыз халық қалаулыларының бісі басым боларына сенімі мол. Додада іріктелген азаматтар мәслихат мінберіне сай мемлекетшіл, Әділетті Қазақстанның нағыз патриоттары болады деген үкілі үмігі бар. Ал халықтың қолдауына ие болған Президенттің тағдыршешті қадамдарын жүзеге асыруға аянбай атсалысу – баршамыздың міндетіміз.



азаматтарды, ардагерлерді, мүгедектерді, толық емес және көпбалалы отбасыларды, жетім балаларды қорғайтын атаулы әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етуге міндеттеді, – дейді ол бізбен кездескен кезінде.

Депутат ретінде Рамзия Фаатқызы азаматтарды қабылдап, ұйымдардағы проблемалық мәселелерді шешуге көмектесті, сайлаушылармен, еңбек ұжымдарымен, аумақтық өзін-өзі басқару өкілдерімен жиі кездесті, бірлескен акцияларға, жергілікті жерлердегі қиын өмірлік жағдайларды қарауға қатысты.

ӨМІРЛІК ЖОЛЫ ӨНЕГЕ

Астана қаласының мәслихатында «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамдық бірлестігінің төрағасы Еркін Томпиевтің 70 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын өтті.

Қоғамдық бірлестік төрағасы, академик, медицина ғылымдарының кандидаты, бірнеше мемлекеттік награда иесі Еркін Томпиевтің құрметіне ұйымдастырылған салтанатты жиналысқа ҚР Сауда және интеграция министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Асқар Тынысбеков, Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотов, Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов, мәслихат депутаттары, Астана қаласының Ардагерлер кеңесі және басқа да қоғамдық бірлестік өкілдері мен ұжымдас әріптестері шақырылды. Мерейтой иесіне жиналғандар жылы лебізін білдірді.

«Игілікті істердің ұйытқысы болып жүрген, қызмет жолын

өмірлік ұстанымына айналдырған Еркін Қалиұлының өмірлік жолы – көпке үлгі, оның жастарға айтары да жоқ емес. Әлі күнге дейін қала өміріне белсене араласып, тәжірибесімен бөлісіп жүр» деді қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов.

Ол мерейтой иесін осы атаулы күнмен құттықтап, елордалық халық қалаулылары атынан алғысын білдірді.

Астана қаласының әкімінің орынбасары Евгений Глотов уақытпен санаспай денсаулық күзетінде жүріп, дертіне шипа іздеп келген науқастарды дертінен айықтырып, халықтың алғысын арқалап келе жатқан мәртебелі мамандық иесі екенін атап өтіп, қала әкімі атынан алғыс хатпен марапаттады.

Сауда саласында халықты

алдау не алаяқтық сынды әлі де шешілмеген мәселелер бар. Оған қатысты тұтынушылардан келген мыңдаған өтініш пен шағымды Астана қаласы «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Еркін Томпиев ұзақ жылдар бойы аянбай еңбек етіп, қоғамның құқықтық сауатының артуына ауқымды үлес қосты. Жетістіктері мен адалдығы үшін лайықты мемлекеттік наградалармен марапатталған. Оның беделі мыңдаған тұтынушылардың құрметіне және сеніміне ие болды. Бірлестік бастауымен 30 жылда 100 мыңнан астам азаматқа көмек көрсетіліп, жалпы сомасы 1 млрд теңге көлеміндегі қаржы астаналық тұтынушыларға қайтарылды.



Ол туралы ҚР СИМ Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы А.Тынысбеков:

«Бай тәжірибемен сіз азаматтардың әрбір өтінішіне назар аударатын, қоғамға зор көмек көрсетіп келесіз. Жалпы 48 жылдық еңбек жо-

лында сіз тұтынушылардың құқығын қорғау саласына 30 жыл арнадыңыз. Қызмет барысында Денсаулық сақтау министрлігіне тұтынушылардың құқығын қорғау бойынша жобаларды енгізіп, ұсыныстар енгіздіңіз, кәсібилігіңіз үшін орденмен және «Еңбек арда-

гері» медалімен марапатталдыңыз. Сондай-ақ қазір ҚР тұтынушылардың құқығын қорғау жөніндегі заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшесісіз. Сіздің әділдік пен тұтынушыларға деген қамқорлыққа толы жұмысыңыз бәрімізді үлкен жетістіктерге жетуге шабыттандырады. Біз сіздің іс-әрекетіңізді жүзеге асырған кәсібилігіңіз бен жанқиярлығыңыз үшін шын жүректен алғыс айтамыз. Көшбасшылығыңыз көпшілікке үлгі, адамдарға деген шынайы мейірім мен қамқорлық сіз көмектескен мыңдаған тұтынушының жүрегінде қалды» деді.

Құттықтау сөз барысында ол ҚР СИМ министрі А.Шаққаливтің тұтынушылардың құқығын ұзақ жыл бойы сауатты қорғап жүрген қоғамдық бірлестік төрағасына алғысын жеткізіп, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің 02.04.2024 жылғы №162-НҚ бұйрығына сәйкес, Еркін Қалиұлын тұтынушылардың құқығын қорғау саласы мен сауда саласындағы көрсеткен кәсібилігі үшін «Еңбек сіңірген сауда қызметкері» төсбелгісімен марапаттады.

№47 (4635) 20/04/2024 Сенбі

**ЕСКЕРТКІШТЕР
ТАЗАРТЫЛДЫ**

Экология апталығына қатысушылар Ыбырай Алтынсарин мүсінінің және Абай ескерткішінің айналасын тазалады. Іс-шараға мәслихат депутаттары, мәдениет саласының қызметкерлері, еріктілер мен қала тұрғындары қатысты.

«Мемлекет басшысының тапсырмасымен республика бойынша «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экология акциясы басталды. Қоғамдық орындарды, тарихи орындарды, көшелер мен аулаларды тазарту мақсатында Ыбырай Алтынсариннің мүсінін тазалауға жиналды. Елордада барлығы 117 ескерткіш болса, оның 46-сы – мемлекет қорғауында. Акция аяқталғанға дейін қаладағы барлық ескерткішті тазарту жоспарланып отыр» деді Біріккен мұражайлар дирекциясы директорының орынбасары Самат Тергембаев.

Тазалық акциясына қатысушы Еркебұлан Ағымбаевтың айтуынша, тазалықта тәрбиелік мән бар.

«Көктемнің келуімен қалада ауқымды экоакция басталды. Өз кезегімізде қаланы қоқыстан тазартып жатырмыз. Айта кетерлігі, акцияның өскелең ұрпақ үшін тәрбиелік мәні зор. Әр нысанға ұқыппен қарап, тазалық танытуға шақырамыз» дейді «Наз» мемлекеттік би театрының директоры Еркебұлан Ағымбаев.

Абай ескерткішін кір мен қоқыстан тазарту барысында қоғам белсенділері, Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония қызметкерлері мен Абай мектебінің оқушылары тазалық жұмыстарын жүргізіп қана қоймай, қазақ бас ақынының өлеңдері мен қара сөздерін оқыды, әндерін орындады.

**ТАЗАЛЫҚ ШЕБІНДЕ –
СТУДЕНТТЕР**

Кеше елордада «Киелі мекен» тазалық акциясы аясында



АСТАНА – ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІҢ ҮЛГІСІ

Сәкен Сейфуллин ескерткіші аумағын тазалау жұмыстары жүргізілді. Оған Сейфуллин музейі қызметкерлерімен қатар, өнер мен әдебиет өкілдері, сондай-ақ С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің оқытушылары мен студенттері белсенді қатысты. Акцияға қатысушылар тек қана ескерткіш аумағын тазалап қана қоймай, көше бойында да жұмыс істеді.

– Қалада өтіп тұратын тазалық сенбіліктеріне университет студенттері тұрақты қатысады. Ал биылғы жалпықалалық экология айлығы ерекше си-

патта өтіп жатқаны белгілі. Әр аптаның өзіндік атауы бар, яғни тазалық жұмыстары белгілі бағыт бойынша атқарылады. Осы аптада өтіп жатқан «Киелі мекен» акциясында қаламыздағы тарихи ғимараттар мен ескерткіштерді тазалауға және абаттандыруға арналып жатыр. Сондықтан біз Сәкен Сейфуллин ескерткішіне арнайы келіп, тазалық жұмысын жүргізіп жатырмыз. Студенттеріміз мұндай іс-шараларға белсенділікпен қатысады. Мұндай жұмыстардың бір жағынан тәрбиелік маңызы бар деп ойлаймын.

Елордамыздың таза болуы оның әрбір тұрғынына байланысты болатыны сөзсіз. Сондықтан барша астаналықтарды экология акциясына белсенділікпен қатысуға шықырамын, – дейді С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультеті деканының орынбасары Әсем Мұсатаева.

Жалпы кеше С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 5 мыңнан аса студенті экология айлығын қолдау бойынша экочеллендж ұйымдастырып, эстафетаны Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті студенттеріне жолдады. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, экочеллендж елордадағы 15 жоғары оқу орны студенттерін қамтымақ.

**БАТЫР ЕСКЕРТКІШІ
АЙНАЛАСЫН ТАЗАЛАДЫ**

Елорданың мәдениет ұйымдары қызметкерлері мен «Жас сарбаз» патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері Сарыарқа даңғылында орналасқан Кеңес Одағының Батыры, аты аңызға айналған ұшқыш Талғат Бигелдиновтің ескерткішіне және айналасына тазалық жұмыстарын жүргізді.

«Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы Астана қаласы бойынша филиалының төрағасы Асхат Налшыбектің айтуынша, экоакция – өскелең ұрпақтың бойына жақындарына деген қамқорлық, құрмет сезімін қалыптастырудың үлгісі. Барлығы 50-ден астам жас сарбаз белсенділікпен жұмыс істеді.

«Біз бұл акцияны қаламыздың барша тұрғындарына үндеу



ретінде өткізіп жатырмыз. Біз жастарды, еріктілерді және барлық мүдделі адамдарды Астанамыздың аулалары мен көшелерін қоқыстан тазартуға және экология жағдайын жақсартуға шақырамыз. Жұмыс әлі де жалғасады, әр апта белгілі бір тақырыпқа арналады» дейді Асхат Налшыбек.

**СЕНБІЛІКТІҢ
ТӘРБИЕЛІК МӘНІ ЗОР**

Оқушылар сарайы алдындағы әл-Фараби ескерткіші аумағында тазалық акциясы өтті. Іс-шараға оқушылар мен «Жастар» сарайы, музей қызметкерлері қатысты.

«Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экология акциясы жалғасуда. Бұл апта сенбілікке қатысушылар үшін «Киелі мекен» ұранымен өтіп жатыр. Сенбілікке шыққан қала тұрғындары тарих және мәдениет ескерткіштерінің айналасын қоқыстан тазартып, оларды күтіп-баптауға және қорғауға қатысты насихат жұмысын қатар жүргізуде.

Самат Тергембаев, Астана қаласы Бірлескен мұражайлар дирекциясы басшысының орынбасары тазалық акциясы жайында ойымен бөлісті.



«Науқан кезінде қала бойынша есепте тұрған тарих және мәдениет ескерткіштерін түгелге жуық қамтып, айналасын абаттандырып, жөндеуге кірісіп кеттік. Тек тазалау жұмыстарын ғана емес, әрбір қасиетті мекеннің мағынасын, не үшін орнатылғаны, соған байланысты қалалық мұражайлардан экскурсовод-гид келіп, жиналған қауымға түсіндіру-тәлім жұмыстарын жүргізеді. Жасыратыны жоқ, жасөспірімдер тарапынан вандализм оқиғалары кездесіп жатады. Ескерткіштерді бүлдіру, оның тұғырына шығып, скейт-борд, велосипедпен сырғанап,

ойын алаңына айналдырып жатады. Оның дұрыс еместігін айтып, ескерткіштерге келтіретін зияндық ауқымын түсіндіреміз. Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының алдында орналасқан ғұлама ескерткішінің айналасына 100-ге тарта ерікті келіп, еңбектің жаңа мәдениетінің үлгісін көрсетті. Жалпы бұл сенбіліктің жастар үшін тәрбиелік мәні зор» деп атап өтті С.Тергембаев.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ,
Айгүл УАЙС,
Нұрлат БАЙГЕНЖЕ



АДАМ ЖАНЫНЫҢ АРАШАСЫ

Қай жерің ауырса, жаның сол жерде тұрады, бұл ретте аяқ-қолың сау, көздерің көрсө «Екі көзің – шырағың, екі аяғың – пырағың» дейтін үлкендердің айтқанының дұрыстығына көз жеткізесің. Аурудың қай-қайсысы да жақсы емес, әсіресе, жүріп-тұратын тірек-қимыл функциясының бұзылуы адамға көп қиындық келтіреді. Жарақаттану барлық жастағы адамдардың денсаулығы мен өміріне өте қауіпті. Жыл сайын әлемде әртүрлі жарақаттардың салдарынан 5 млн адам көз жұмады екен, бұл шамамен, жалпы өлім санының 9 пайызын құрайды. Көбінесе адамдар өзінің бейғамдығы мен абайсыздығы немесе біреудің қылмыстық немқұрайдылығы мен жауапсыздығынан жарақат алады, мүгедек болып қалады, өмірінен айырылады. Біз осы ретте Астана қалалық №4 емхананың жоғарғы санатты травматолог-ортопед дәрігері Бейбіт Алиакпаровқа бірнеше сауал қойған едік.

– Бейбіт Сабетұлы, адамдар қандай шағыммен көп келеді? Көбіне қандай жарақаттар көп кездеседі?

– Жыл бойы бізге адамдар түрлі жарақаттармен келеді. Соның ішінде орта жастағы жұмыс істеп жүрген тұрғындар түрлі шағыммен қабылдауында болады. Әсіресе, күз бен қыс уақытында, сондай-ақ қыстың көктемге ұласқан кезінде өкпек жел, омбылаған қар мен көктайғақта, көбіне үлкен кісілерге, жасы ұлғайған адамдардың жүруі қиындап, тайғанақтап, қол-аяғын сындырып, жарақаттанған жандар көбейетіні рас.

– Жарақаттанушылықтың негізгі себебі осы ма?

– Маман ретінде негізгі себебі деп адамдардың дұрыс аяқ киім кимеуін айтар едім. Өйткені аяқ киімнің дұрыс болуы – адамдардың денсаулығына ерекше әсер етеді.

Бұрынғы көксегеніміз емес, бірақ айтуымыз керек, бұрын ортопедиялық табанға ыңғайлы аяқ киімдер ортақ стандарттарға сай сатылымға шығарылатын, арнайы мамандардың тексеруінен өтіп, аяқ киім сапасы бақыланатын. Кішкентай бүлдіршін тәй-тәй басып жүрген кезінен-ақ осындай ортопедиялық аяқ киімді кигізе, ол баланы болашақта «майтабан» болудан сақтайды. Ондай сапалы аяқ киімдер тайғанақ болмайды, кедір-бұдыры аяқ табандарына өте пайдалы болатын. Аяқ киім ыстық кезде терлемейтін сапалы болса, күз бен қыста тайғанамайтын жақсы материалдан жасалған болса, адамдарды көп қиындатып аман сақтап қалары сөзсіз.

Сосын өндірістегі жарақат

деген бұрын көп болды. Қазір бұл азайды, соңғы уақытта көбіне тұрмыстағы жарақаттанушылық басым болып келеді. Жарақаттанушылықтың 2-3 пайызы жол-көлік оқиғаларына қатысты болады. Оларды жедел жәрдеммен стационарлық емге, травматологқа бірден апарды. Рентгенге түсіп, жарақат деңгейі анықталғасын жергілікті емханадағы травматолог дәрігер әрі қарай емдеуді жалғастырады. Жалпы, жарақаттанушылық дегенде, әсіресе, қолды сындырған-дар, сосын аяғын сындырып алғандар көп келеді. Аяғынан жарақаттанғандардың көбісі 80 пайызынан астамы тобығын шығарып алып келеді, мамандар оларға жедел көмек көрсетеді, қалған ем емханада жалғасады.

– Жарақат жасына қарай жазылады деген ұғым бар. Осы қаншалықты рас?

– Ол рас. Сыңған жер адамның жасына қарай бітеді. Науқастың денсаулығына орай, иммунитетіне қарай бітетіні де шындық. Сондай-ақ дәрігер берген ем-домды уақтылы қалай сақтауына да көп нәрсе байланысты. Дер кезінде емделіп, бақылау мақсатында уақтылы рентгенге түсіп, дәрігердің айтқандарын бұлжытпай орындаса, гипсті ұстау мерзімін сақтаса, жарақаттанған жер қиындықсыз жазылады деп айта аламын.

– Жарақаттанушылықтың алдын алу мүмкін бе?

– Алдын алуға, әрине, болады. Қыс уақытында жаңа айтып өткенімдей, дұрыс аяқ киім киіп, өзі жүретін бағытын алдын ала айқындап алып, нақты мақсатпен қозғалса, проблема болмайды. Жолдан өтерде бағдаршамның жасылы жанып тұрса да екі



жаққа мұқият қарап, анық көзі жеткенде ғана қарсы бетке қауіпсіз өткені жөн. Өйткені қазір қозғалыс құралдары, көліктер көшеде жиі кездеседі. Мопед, самокат, велосипед, тағы басқа жылдамдықты асырған құралдар көп. Абайламаса, аяқ астынан жарақаттанып қалуыңыз әбден мүмкін. Жалпы, адамның денсаулығы өзіне тікелей қатысты. 90 пайыз жағдай адамның өзін-өзі қорғап, сақтанып жүруіне байланысты, тек қана он пайызы ғана дәрігерлердің қарауына қатысты бар.

– Сіз осы салада қанша жыл жұмыс істейсіз?

– Мен травматолог маман ретінде 37 жылдан бері адамдарды емдеумен айналысып келемін. Ерейментау ауданының тумасымын, туған жерім осы Ақмола облысында. Целиноград медициналық университетін оқып бітіргесін осы салада Павлодарда 30 жыл жұмыс істедім. 5 жыл ауруханада травматолог, 20 жыл стационарда, 10 жыл экстремалды травматологияда жұмыс істедім, түрлі оталарды жасадым. Біліктілігім жоғары, түрлі оталар жасаудан лицензияларым бар. Жасым елуден асқасын, қан қысымы жоғарылай беретіндіктен, қызметімді қалалық емханада жалғастыруды жөн көрдім. Осы емханада 5 жылдан бері травматолог-ортопед дәрігер ретінде науқастарды қараймын. Жарақаттанумен бірге адамдардың созылмалы немесе қосарлана ауыратын науқастарын да дәрігер жете білуі тиіс. Осы ретте ота жасаған кездегі біліктілік, алған білім, тәжірибе көп көмектеседі. Мысалы, қант диабеті немесе қан қысымының жоғары болуы, қалқанша безіне қатысты аурулар жарақаттың жазылу-жазылмауына тікелей әсер етеді. Дұрыс тамақтанып, дұрыс ұйықтап, демалмаған адам, созылмалы ауруын емдемеген науқастың жарақат алған жері оңайлықпен жазыла қоймайды. Осыны ерекше ескерген ләзім.

– Жарақаттанған адам күннің райына орай сырқырап ауыратыны рас па? Аяқ-қол тірек функциясы бұзылған науқастарды емдеу жолдары қандай?

– Иә. Жас келген сайын бұрынғы жарақаттардың орны сырқырап, буындар ауруы әбден мүмкін. Артроз, артрит, тағы басқа аурулар қозады, ауырған жерге тұз жиналып, шеміршектеніп, сары су жиналып, буындар сырқырай бастайды. Мұндай науқастарды аппаратпен әбден зерттеп, базылап, «Сізге протез жасау қажет, қазір протез жасауға жарамды денсаулығыңыз ертең жарамсыз болып қалуы кәдік, сондықтан жүріп-тұруыңызға көмектесетін протезді шұғыл жасауыңыз қажет, отаны дер кезінде жасамаса, кейін кеш болады» деп үнемі кеңес береміз. Жамбас буынын тотальді эндопротездеу, тағы басқа оталар жоғары білікті мамандардың арқасында жүзеге асады.

– Травматолог дәрігердің басқадан басты ерекшелігі неде деп есептейсіз?

– Терапевт дәрігерлерге қарағанда біз шұғыл әрекетке, жедел ем жасауға әрекеттеніп үйренгенбіз, шешімді шұғыл қабылдап, науқастың жағдайын жақсартуға барымызды саламыз. Қолы сынған адамға ма, аяғы сынған адамға алғашқы көмекті кімге беруіміз керек дегенде ауруын анықтайтын таңғыштарды жедел айқындап, байлаймыз, сосын ауырсынуды басатын дәрілерді егеміз, науқасқа шұғыл көмек көрсетеміз. Егер басқа қауіпті ауруы анықталған жағдайда тез арада жедел жәрдем шақырып, басқа ауруханаға жөнелтілуін қадағалап, бірінші көмекті жедел көрсетеміз. Минуттар, секундтар саналған сын шақта дәрігердің шапшаң қимылы, білігі қаншама адамды өлімнен аман алып қалып, ауруының әрі қарай жазылуына тікелей әсер ететінін сеніммен айта аламын. Оперативтілік, жеделдік – басты қаруымыз. Жедел әрекетке өміріміз үйренгендігі соншалықты, үйде де тамақты асығып ішеміз үнемі. Науқасты жедел қарап үйренгенбіз. Жедел жәрдеммен келген жанға бірінші көмекті беруге мүдделіміз, сондықтан, әріптестерімнің еңбегі қандай да құрметке лайықты деп есептеймін.

Сұхбаттасқан Гүлшаты САПАРҚЫЗЫ



АҒЗА ДОНОРЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Астана қаласында «Қазақстандағы этикалық донорлық» атты семинар өтті. Оның алаңында сарапшылар ағза донорлығы мен трансплантаттаудың заңдық және этикалық негіздерін, ДДҰ-ның басшылық қағидаттарын талқылады, сондай-ақ ағымдағы жағдайды және Қазақстандағы ұлттық трансплантаттау бағдарламасын іске асырудағы негізгі қиындықтарды қарастырды.

ҚР ДСМ Медициналық көмек көрсету департаментінің директоры Ұлықбек Медеубеков атап өткендей, Қазақстан ағзаларды трансплантаттау бойынша жоғары технологиялық операцияларды жүргізу үшін дамыған заманауи инфрақұрылымға ие. Отыандық мамандар жүректі, бауырды, бүйректі, көпінсіз трансплантаттауды жоғары деңгейде жүргізеді және трансплантаттау нәтижелері әлемдік стандарттарға сәйкес келеді.

Қазақстанда ағза донорлығы мен ағзаларды трансплантаттаудың тиімді ұлттық жүйесін дамыту үшін 2012

жылы Трансплантаттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметтерді үйлестіру жөніндегі республикалық орталық құрылды. Қазіргі уақытта елде 7 трансплантаттау орталығы, 40 донорлық ұйым жұмыс істейді, олар қайтыс болғаннан кейін донорды трансплантаттау мақсатында көп ағзаны алуға дайындау бойынша медициналық қызмет көрсетеді. Бейінді ведомствоның мәліметінше, соңғы 10 жылдың ішінде Қазақстанда 2,5 мыңнан астам ағзаларды трансплантаттау операциясы, бұл ретте 83% жағдайда тірі кезіндегі донордан, 17% жағдайда қайтыс

болғаннан кейінгі донордан жүргізілді.

– Трансплантаттау өмірді сақтайды және баламасы жоқ жерде адам өмірінің негізгі функцияларын қалпына келтіреді. Бұл ретте, бар қауіптерді ескере отырып, донорлықтың этикасы мен қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау мамандарын оқытуға баса назар аудару қажет, – деді ДДҰ-ның Қазақстандағы өкілі доктор Скендер Сыла. Әлемде жыл сайын 115 мыңнан астам ағзаны трансплантаттау жүргізіледі. АҚШ, Испания, Хорватия, Иран сияқты елдерде ауыстырылып қондырылған



ағзалардың кем дегенде 85 пайызы қайтыс болғаннан кейінгі донорлардан алынған.

Бүгінгі таңда донорлар мен реципиенттердің бірыңғай тізілімінде 4000-ға жуық адам, оның ішінде 104 бала ағзаны трансплантаттауды күтуде, олардың көпшілігі – жас және еңбекке қабілетті жастағы адамдар. Реципиенттердің

ішінде 3735 адамға бүйрек, 185 адамға бауыр, 144 адамға жүрек, 16 адамға өкпе трансплантаттау қажет. Қазіргі уақытта Министрлік елімізде трансплантологиялық қызметті дамыту үшін келесі шараларды қабылдауда. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін материалдық-техникалық база нығайтылды, шетелде және

ел ішінде трансплантаттау үйлестірушілері оқытылды, ҚР-да 2023-2025 жылдарға арналған ағза донорлығы және трансплантология қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Қазақстанның 6000-ға жуық азаматы қайтыс болғаннан кейін ағзалардың донорлығына келісім білдірді.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Семинарды Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы мен Жұмабек Тәшенов атындағы №10 мектеп-гимназиясы ұйымдастырды. Тақырыбы «Әлемді ашамыз. Инклюзивті білім: тең құқылы тұлға, шынайы қарым-қатынас, мүмкіндіктер мекені» деп аталды.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру – бұл жалпы білім берудің трансформациясы. Мұнда бала мектептің қажеттіліктеріне емес, мектеп баланың қажеттіліктеріне бейімделуі керек. Сондықтан ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеусіз және олардың білім алу қажеттіліктерін бағалаусыз инклюзивті білім беру туралы айтуға болмайды.

Семинардың Астанада мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшенов атындағы №10 мектеп-гимназиясында өтуі де – заңдылық. Бұл мектеп елордадағы мүмкіндігі шектеулі балалар – көру қабілеті бұзылған балалар білім алып, тәрбиеленетін бірден-бір білім ордасы. Көзі көрмесе де көкірегі ояу, қабілетті балаларға бағыт-бағдар беріп, білімін жетілдіріп жатқан мектеп педагогтарының бұл саладағы тәжірибесі мол.

– Уайымдайтынмын, осы балалар мектеп бітіргенін үлкен өмірге қалай бейімделер екен, кейін бір кәсіпті меңгеріп, жақсы маман иесі болса екен деп алаңдаймын, болашақта колледждерде оларға арналған мамандықтар ашса, – дейді мектеп директоры Б.Шәріпбекұлы. Біз қала бойынша осындай мүмкін-

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ӨЗЕКТІ

Астана қаласында инклюзивті білім беру сапасын жақсарту, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпты балалармен бірге оқыту мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Таяуда білім беру мекемелерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алу бөлігінде инклюзивті білім беруді іске асыру мәселелері бойынша білім беру мекемелерінің басшыларына арналған қалалық оқыту семинары өткізілді.



дігі шектеулі балаларға білім беретін болғандықтан, қажетті логопед, дефектолог, тифлопедагог мамандар жетіспей жатады. Сабақтан тыс уақытта әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау, емдік дене шынықтыру, мимика, тіл дамыту, кеңістікті бағдарлау қосымша пәндері жүргізіледі, яғни балалардың болашақта ересек өмірде өзіне тамақ жасап, өмірге қажетті үй қызметтерін, шаруаларын үйренуге бейімдеуге тырысамыз. 8-сыныптағы көру қабілеттері бұзылған (зағип) Айтуар Диас пен Изтилеуов Инсар атты оқушыларымыз

биылғы оқу жылынан бастап қалыпты жағдайда оқитын сыныпта оқып, білім алуда. Сабақ үлгерімі, ынтасы өте жақсы, өзінің замандас құрбыларынан қалыспай жақсы сабақ оқып жүр. Соған қуанамыз! Көру қабілеті бұзылған сыныптарда оқитын балаларымыз оқушылары арасында өткізілген Шоудаун, Голбол, Паракаратеден паралимпиада жарыстарына қатысып, жүлде орындарға ие болып жүр. Жантөре Мөлдір, Мустафин Абылай, Хижняк Елизавета халықаралық, республикалық өнер жарыстарына қатысып, түрлі

байқаулардың жеңімпаздары атанды. Ендігі ойым – білім сапасын жақсарту мақсатында, қазір тығыз орналасқан сыныптардағы балаларды азайту үшін мүмкіндігі шектеулі балаларды тек бастауышта біздің мектеп базасында оқытып, сосын оларды өз тұрғылықты жері бойынша мектептерде оқыту мақсатында мектебімізде биылғы оқу жылында көру қабілеті бұзылған балаларды оқытатын арнайы сыныптарда сабақ беретін мамандарды даярлайтын Ресурстық орталық ашылды. Арнайы пәндерді жүргізетін педагогтар

тапшылығын азайтсақ деген тілек бар, – дейді мектеп директоры Бақытжан Орынбаев.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерінде олардың жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымы басшыларының кәсіби құзыреттілігін арттыруды мақсат еткен семинарда міндеттер айқындалып, болашақ атқарылар жұмыстар сараланды. Оның ішінде білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беруді іске асыру шарттары қамтамасыз ету мәселелерін талқылау, инклюзивті білім беру мәселелері бойынша базалық білім беру мекемелерінің желілік өзара іс-қимыл тәжірибесімен бөлісу, білім беру мекемелерінде көру қабілеті бұзылған балаларды бірлесіп оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудың практикалық тәжірибесін талқылау сөз болды.

ТАЛҚЫЛАНҒАН МӘСЕЛЕЛЕР:

• Көру қабілеті бұзылған балалардың жалпы білім беру мекемелерінде білім алу бөлігінде олардың жеке және бейімделу бағдарламаларын іске асыру

жөніндегі білім беру мекемелерінің қызметін ұйымдастыруды нормативтік және құқықтық қамтамасыз ету

• Көру қабілеті бұзылған оқушылармен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру

• Білім беру мекемелерінде білім алу бөлігінде көру қабілеті бұзылған балаларды жеке және бейімделу бағдарламасын іске асыру үшін арнайы жағдайлар жасау.

Елордада өткен семинарға білім беру ұйымдарының басшылары, директорлардың оқу-тәрбие және түзету жұмыстары жөніндегі орынбасарлары, психологиялық қызметтердің басшылары, инклюзивті білім беру жөніндегі үйлестірушілер, әлеуметтік педагогтар, педагог-психологтар, дефектолог мұғалімдер қатысты.

Семинардың теориялық бөлігінде «Көру қабілеті бұзылған балаларды мектепке енгізу үрдісін сүйемелдеу», «Көру қабілеті бұзылған балаларды жалпы білім беретін мектепке енгізу үрдісіндегі ресурстық орталықтың рөлі», «Жалпы білім беретін мекемеде инклюзивті білім беруді қалыптастыру мен дамыудың әлеуметтік-білім беру шарттары», «Инклюзивті практиканы іске асыратын білім беру мекемесінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» секілді осы саланың өзекті мәселелері талқыланды.

Семинардың практикалық бөлігінде оқушылардың жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылып, көру қабілеті бұзылған балалармен шеберлік сыныптары өткізілді, онда қатысушылар пікір алмасып, әдеттегі білім беру мекемелерінде көру қабілеті бұзылған балалардың жеке және бейімделу білім беру бағдарламасын іске асыруға байланысты өзекті мәселелерді талқылады.

Өйткені ерекше қажеттіліктері бар балалар өз құрбы-құрдастарымен тең деңгейде білім алуға құқылы. Әр балаға қоғамға пайда келтіруге және оның толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік беру инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты екендігі даусыз.



МЕКТЕПТЕГІ МУЗЕЙ

АБАЙ СУРЕТТЕРІНІҢ СИҚЫРЫ

Астана қаласындағы №87 мектеп-гимназиядағы «Абай музейі» залында ұлы ақынның екі суреті қойылған. Суреттің түсірілген кезі фотоға түсіру өнері өмірге енді ғана еніп жатқан кезең болатын.



Семей қаласында Каримовтардың, Кузнецовтардың, Белослюдовтардың фотоүйлері жұмыс істеді. Бұлар өртірулі тапсырмалармен қыр даласына келіп, қажетті мекенжайларды, айтулы адамдарды, қазақ тұрмыс-салттарын түсіріп алып, өз қажеттеріне жұмсады. Ресейдің ірі қалаларына апарып көрмелер ұйымдастырып, альбом жасап сатты. Абай ауылының адамдары да суретке түсіп, өздеріне жинап, сақтауды әдетке айналдырды. Ауылдан қалаға қатынағанда елге апарар сыйлығы фотосурет болды. Елге барып, фотоға түсірушілерді кезекпен қонақ етіп, фотоға түсуге барынша әуестенген. Заман ағымына қарай байдың тұқымы, молда, тағы басқа деп қудалау басталған жылдары қолда бар суреттердің барлығын жыртып, өртеп, амал жоқ жасырған. Тек, кейбір жүректі адамдар ғана Абай, Шәкәрімдердің бірді-екілі фотосуретін жасырып, аманат ретінде сақтап, біздің заманымызға зорға жеткізген. Абай ауылындағы фотосуреттердің көптігі сондай 1940 жылы Абай мұражайы ұйымдастырылғанда Кәкітай Ысқақов пен Әрхам Көкітайұлы Құнанбай, Абай туыстарының 44 фотосуретін екі жылдың ішінде жинап берген. Онда 78 адамның бейнесі болыпты. Амал қанша, соның ішінде данышпан ақынның екі фотосуреті ғана сақталған екен.

Бұл суреттердің де сақталу тарихы өте күрделі. Ауыр жағдайды бастан кешірген бұл суреттер қудалауға ұшырап, Шымкент еліне жер аударылған Құнанбайдың, Күнтудың, Оразбайдың ұрпақтары өздерімен бірге жасырып, тығып алып кетіп сақтаған. Кейін Алматыда тұрған Мұхтар Әуезовке табыс еткен. Оның өзінде өз есімдерін айтпай, белгісіз біреулер бүркеншік атпен өткізуге тура келген. Соның бірі өзіміз куә болып жүрген данышпан ақынның екі суретінің алғашқысы – 1896 жылы Семей қаласында түсірілген Абай, Ақылбай, Мағауия фотосуреттері. Түпнұсқа. Ұзындығы мен ені – 8-13 см. Абай мұражайына 1941 жылы 6 ақпанда №40 қабылдау актісі бойынша өткізілген. Фотоны тауып, сақтап мұражайға өткізуші – Мұхтар Әуезов.

Абай екінші рет 1903 жылдың жазында Жидебай жерінде өзінің отбасындағы адамдарымен фотосуретке түседі. Бұл сурет «Абай жанұясымен» деп аталады. Абай өзінің Жидебайдағы үй-ішімен жаз уақытында үйдің ішінде түсірілген.

Алмахан МҰХАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ, Абай атындағы №87 мектеп-гимназиясы «Абайтану» музей-орталығының жетекшісі

№8 мектеп-лицейінің 9-сынып оқушысы Алинұр Садыр болашақ өнер ордасының архитектуралық сызбасын ойлап тапты.

ӨНЕРТАПҚЫШ ОҚУШЫ

– Болашақ мамандығым архитектурамен байланысты болғандықтан, өзімнің арманымадағы архитектуралық сызбаны мектеп қабырғасынан бастағанды жөн көрдім, бұл бастамама келешекте арманыма қанатқа айналарына көміл сенемін. Бұл жобаның сырт келбетіне қарасақ, өнер ордасы болғандықтан нота тәрізінде көрінгенін қаладым. Өнер ордасының ішкі элементтеріне келетін болсақ, толықтай қашықтықтан басқару қызметі орнатылған, жарықты

үнемдеу, апаттың алдын алу қосымшасы қондырылған. Жобаны жасауға бір айдан аса уақыт жұмсадым. Бұл жобам «Астана дарыны» ұйымдастырған «Болашақ сәулет өнері» жобасында жүлделі ІІІ орын иеленді, архитектуралық жобалармен қатар, понаралық олимпиадаларда орын иелендім және Балқаш қаласындағы «Балдәурен» лагеріне барып, қазақстандық жас патриоттар Академиясының мүшелігіне қабылданып, төсбелгімен марапатталдым. Осы салада әлі талай жетістіктерге

ұмтылсам, жаңалық болар дүниелерді жасасам, – дейді жас архитектор Алинұр Тағатұлы.

– Алинұр – оқу екпіндісі, сыныптың белсендісі, физика-математика пәндерін сүйіп оқиды, болашақ мамандығы жоғарыда атап өткендей, архитектура саласымен байланысты. Келешекте Алинұрды өз саласының мықты маманы боларына сенемін» дейді «STEAM» зертханасының жетекшісі, әрі сынып жетекшісі, көркем еңбек пәнінің мұғалімі Мақсат Төлентайұлы.





Басқарма мемлекеттік қызметтің төмендегідей 22 түрін көрсетеді:

- Оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету;
- Протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз ету;
- Арнайы қозғалыс құралдарымен қамтамасыз ету;
- Санаторлық-курорттық емдеумен қамтамасыз ету;
- Жеке көмекшімен қамтамасыз ету;
- Маманның жестау тілін қамтамасыз ету;
- Оңалтылған адамға кәуәлі беру;
- Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша аз қамтылғандарға әлеуметтік көмек;
- Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу;
- Тұрғын үй көмегін тағайындау;
- Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, кәуәліктер беру;
- Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау;
- Өтініш берушінің (отбасының) АӘК алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру;
- Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу;
- Жұмыссыздарды тіркеу;
- Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдама беру;
- Жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама беру;
- Үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу;
- МӘМ-де (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу;
- Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту;
- Қандас мәртебесін беру және ұзарту;
- Еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру және ұзарту.

Халықты жұмыспен қамту саласындағы саясатты іске асыру шеңберінде. Басқарма жұмыссыз азаматтарды, оның ішінде халықтың нысаналы топтарын жұмысқа орналастыру бойынша Астана қаласының халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кешенді шараларын жүргізеді.

Бүгінгі таңда елорданың еңбек нарығындағы жағдай тұрақты. Жұмыссыздықпен күрес бойынша белсенді шараларды қолдану жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді, ол 4,5% (ҚР – 4,7%) ұстанады. 2023 жылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен 24,3 мың адам қамтылды, оның ішінде 12662



ЖҰМЫС БАҒЫТЫ – ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

«Астана қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ қызметінің негізгі мақсаты – халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады. Басқарудың аса маңызды басымдығы – қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру, кедейлік, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге бағытталған халықты әлеуметтік қамсыздандырудың тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру.

жастар, 13,5 мың адам жұмысқа орналастырылды.

Ағымдағы жылы 18,2 мыңнан астам адамды, оның ішінде 9,7 мыңнан астам жастарды қамту жоспарланған.

Әлеуметтік қорғау саласындағы саясатты іске асыру бөлігінде Басқарма жыл сайын 187 мыңға жуық адамды – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына, оның ішінде зейнеткерлерге, соғыс ардагерлеріне, мүгедектігі бар адамдарға және аз қамтылған азаматтарға тегін қызметтер мен ақшалай төлемдер түрінде әлеуметтік қолдаумен қамтылады.

Кедейлік шегінен төмен табысы бар аз қамтылғандар үшін (2 тоқсанға ТБ -37 195 тг) басқарма АӘК атаулы әлеуметтік көмек түрінде көмек көрсетеді. (2023 жылы 3 743 отбасы қамтылды). 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға 1,5 АЕК мөлшерінде ақшалай төлем түріндегі кепілдендірілген әлеуметтік пакет (2023 жылы 3255 отбасы қамтылды, оның ішінде (6 275 бала).

Сондай-ақ басқарма тұрғын үй көмегін көрсетеді, егер коммуналдық қызметтерге ақы төлеу отбасының айлық жиынтық табысының 5% асатын болса, 2023 жылы 672 отбасы (1088 адам), мереке күндеріне біржолғы ақшалай төлемдер, қолданыстағы ережелерге сәйкес тегін қызметтер (әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және Астана қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін

айқындау ережесі) қамтылған Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы № 84/10-VIII шешімімен).

Басқарманың басым міндеттерінің бірі – мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау, оларды оңалту (протездік-ортопедиялық көмек, арнайы жүріп-түру құралдарымен, гигиеналық, сурдо, тифло техникалық құралдарымен жеке көмекшінің қызметтерімен, санаторий-курорттық емдеумен, ЖӘОБ тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз ету) болып табылады.

Елордада 34 754 мүгедектігі бар адамдар тұрады. Басқарма күн сайын әлеуметтік қызметтер порталы арқылы оңалту қызметтерін көрсету бойынша жұмыс жүргізеді (aleumet.egov.kz). Әлеуметтік қызметтер порталы мүгедектігі бар адамдардың жеткізушілермен тікелей өзара іс-қимылы бар бірінғай цифрлық алаңға айналды.

Этникалық иммиграция саласында (қандастар). Басқарма 2022-2025 жылғы «Күшті өңірлер – елді дамытудың драйвері» ұлттық жобасына сәйкес елордаға тұрақты тұруға көшкісі келетін отандастар үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша жұмыс жүргізуде.

Халықтың көші-қон саласындағы мемлекеттің еңбек көші-қон жөніндегі заңнамасы мен саясатын түсіндіру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Ведомстволық бағынысты мекемелер. Басқарма 10 ведомстволық бағынысты мекеменің қызметін үйлестіруші болып табылады: оның ішінде 6 ұйым арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді.

2023 ЖЫЛЫ 18 637 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ӨТІНІШ БІЛДІРІП, 49 195 МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ 26 468 МӘСЕЛЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Бүгінгі күні елордада стационар жағдайында, жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтердің 8 түрін көрсететін мемлекеттік стационарлық және стационарлық емес әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінің жүйесі құрылды.

Басқарма сондай-ақ жыл сайын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бөлігінде үкіметтік емес ұйымдарды қаржыландыруды жүзеге асырады.

Стационар, жартылай стационар және үйде күтім жасау жағдайында АӘК арнаулы әлеуметтік қызметтерін көрсететін 8 үкіметтік емес ұйым жұмыс істейді. Орталықтарда әзірленген стандарт шеңберінде қызметтердің толық кешені көрсетіледі.

2023 жылы ведомстволық бағынысты мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдармен 6 663 адам арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылды.

Әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынасты қолдау және жалпы қоғамның әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында 2019 жылғы 26 тамызда Астана қаласы әкімдігінің жанынан «пилоттық жоба» түрінде «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы ашылды.

Жобаның мақсаты – азаматтардың жекелеген санаттарына (көпбалалы, мүгедектігі бар адамдарға, толық емес және аз қамтылған отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға) кеңес қызметтер кешенін ұсыну, әрбір отбасына психологиялық, әлеуметтік және заңгерлік көмек көрсету, сондай-ақ отбасы институтын жан-жақты қолдау және нығайту.

Осылайша, «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығының базасында 14 қызмет көрсететін «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың қызметі ұйымдастырылды:

- «Отбасы банкі» АҚ
- 1. Тұрғын үй жағдайын жақсарту бойынша кеңес беру.
- 2. Депозитті/жеңілдікті кредитті ресімдеу.
- 3. Ипотекалық несиені рәсімдеу.
- «Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ
- 1. Медициналық мекемелерге тіркелу/COVID 19 вакцинациясы
- «Білім басқармасы» ММ
- 1. «Индиго» бағдарламалары бойынша кеңес беру /жалпы оқыту/.
- 2. Білім беру мекемелеріне тіркелу.
- «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ
- 1. Кеңес беру /АӘК / МӨП ресімдеу.
- 2. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру.
- «Әлеуметтік қызметтер порталы» (ПМУ)
- 1. Мүгедектік бойынша қызметтерді ресімдеу бойынша кеңес беру.
- 2. Әлеуметтік қызметтер порталын және мүгедектік бойынша басқа да қызметтерді пайдалануды оқыту.

ҚАЖД (қылмыстық-атқару жүйесі департаменті)

1. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әлеуметтендіру.

2023 жылы 18 637 мыңнан астам адам өтініш білдіріп, 49 195 мәселе қаралды, оның ішінде 26 468 мәселе, негізінен, жұмыспен қамту, АӘК тағайындау, психологиялық және заң көмегі мәселелері оң шешімін тапты. Қалған 22 727 мәселе бойынша жүйелі қадамдық кеңес өткізілді.

- атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша – 18 377 сұрақ;
- тұрғын үй мәселелері бойынша (Отбасы банкі) – 4 695;
- әлеуметтік қызметтер порталы бойынша – 19 018;
- заң көмегі – 439;
- психологиялық көмек – 395;
- отбасын әлеуметтік сүйемелдеу – 2 223;
- білім – 75;
- Денсаулық сақтау – 95;
- EGOV-740 порталындағы өтініш;
- байланыс орталығы – 3 138.

Осылайша, басқарма 2023 жылы Мемлекеттік қызметтерді уақтылы көрсету бойынша үлкен белсенді және нәтижелі жұмыс жүргізді.

Илья СКУБ, Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы

ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫ


• **24 300** АДАМ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ (2023 ЖЫЛ)

12 662 ЖАСТАР **13 500** АДАМ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРЫЛДЫ

ОНЫҢ ІШІНДЕ, АДАМ:

- 8 600 – тұрақты жұмыс орындарына
- 4 900 – субсидияланатын жұмыс орындарына
- 1 052 – жастар практикасы
- 2 435 – қоғамдық жұмыстар
- 303 – әлеуметтік жұмыс орындары
- 325 – бірінші жұмыс орны
- 7 – ұрпақтар келісімшарты
- 789 – күміс жасы

• **18 200** АДАМДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОСПАРЛАНҒАН (2024 ЖЫЛ)





(Соңы. Басы газеттің №46 (4634) санында)

Қазақстан Ғылым ордасының ашуға байланысты «КСРО Ғылым академиясының филиалы ретінде 1945 жылдың 26 қазан күні ашылып, қызмет жасап келген мекемені өз алдына жеке Қазақ КСР Ғылым академиясы ретінде құрылғаны 31 мамыр 1946 жылдан» деп заңды қаулы қабылдаған сол уақытта Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Төрағасының төрағасы Ә.Қазақпаев, Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Оңдасынов және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметов еді.

Дәл осы уақытта ең алғаш рет 1946 жылы 31 мамырда Қазақ КСР Ғылым академиясының 16 ғылыми-зерттеу институтының штаты бекітіліп, онда 1000 адам жұмысқа кіріскен. Олардың ішінде 75 ғылым докторы, 188 ғылым кандидаты болды. Сол уақытта 14 нақты мүшесінің тізімі бекітілген. Олар: Қ.И.Сәтбаев, М.О.Әуезов, А.Б.Бектұров, П.Г.Галузо, М.И.Горяев, А.Қ.Жұбанов, Н.Г.Кассин, С.К.Кеңесбаев, Н.В.Павлов, М.П.Русаков, Н.Т.Саурғұлан, Г.А.Тихов, В.Г.Фесенков, С.В.Юшковтар болатын.

Одан басқа мүше-корреспонденттер 16 адам: Х.К.Аветисян, Н.У.Базанова, А.И.Безсонов, С.Н.Боголюбовский, Р.А.Борукаев, А.М.Ғаббасов, Қ.Ж.Жұмалиев, Ә.Х.Марғұлан, А.Ж.Машанов, К.М. Мыңбаев, А.П.Полосухин, В.И.Смирнов, А.Н.Сызганов, Н.Н.Удинцев, М.И.Усановичтердің тізімін қаулымен бекіткен және қол қойған Қазақстан Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Д.Оңдасынов және Іс Басқарма басшысы Д.Сырцев болатын.

Бұл уақытта республикада 23 жоғары оқу орындары, 91 техникум және 7735 орта мектеп жұмыс істеген.

Ал ресми түрде Қазақстан Ғылым академиясының ашылған салтанатты мәжілісі 1946 жылы 1 маусым күні республикада тарихи күн болды. Ол Қазақ КСР Ғылым академиясының ашылған уақыты еді. Міне, осы салтанатты мәжіліс Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен.

Қазақ КСР Ғылым академиясының салтанатты ашылуына Кеңес Одағынан және республиканың түкпір-түкпірінен келген қонақтар қатысты. Ең алғаш сөз сөйлеген Нұртас Оңдасынов: «Жолдастар! Біз Сіздермен өте толқулы сәттің үстінде тұрмыз. Қазақстан өзінің Ғылым ордасын құруда. Бұл Ғылым ордасы мәдениет пен ғылымның дамуына жол ашады.

Қазақстан Ғылым ордасын құрғаннан кейін оның Президентін сайлау мәселесі қозғалады. Бұл айтулы оқиға 1946 жылдың 3 шілде күні болған. Ең алдымен, Ғылым академиясының бірінші сессиясын ашық деп жариялап, құрметті КСРО Ғылым академиясының академигі Г.А.Тиховқа сөз кезегін берген Қазақстан Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Д.Оңдасынов болатын. Мұнда, негізінен, Қазақ КСР Ғылым академиясына Президентін сайлау мәселесі және болашақ атқаратын жұмыс жоспарлары қаралған.

ҒЫЛЫМ ОРДАСЫНЫҢ СӘУЛЕТКЕРІ

Ғалымдардың басын қосқан алқалы жиында жасырын дауыс беру арқылы бірауыздан қолдау және сенім білдіріліп, бірінші сессиясында Қазақ КСР Ғылым академиясының Президенті болып Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сайланады.

Бұл мәжілісте сөз сөйлеген М.О.Әуезов Ғылым академиясының Президенттігіне түскен Қ.И.Сәтбаевтың қазақ интеллигенциясының арасында беделі зор және танымал ғалым екендігін атай келіп, оның терең білімді, шығарған еңбектерінің көп екендігін, сол себепті осы орынға барлық ғалымдар оны лайықты деп сайлауда дауыс беріп, үлкен сенім білдіргендігін айтқан.

Кейін 3-7 маусым күндері аралығында Үкімет үйінің мәжіліс залында жаңа академияның ең алғашқы жалпы жиналысы, соңынан тұңғыш ғылыми сессиясы өткен-ді.

Осы Қазақ КСР Ғылым академиясының ашылу салтанаты туралы Нұртас Оңдасынов өз естелігінде: «Кеңес Одағы Ғылым академиясының Қазақстанда ғылымды дамыту, ол үшін көрнекті ғылыми кадрлар даярлау, республиканың сан алуан байлықтарын жеңіс мүддесіне толығырақ жұмсауға сіңірген еңбектері өз алдына айрықша әңгіме етуге тұрарлық.

Қазақстан ғылымын басқарған Қаныш Сәтбаев ең алдымен үлкен ғалым еді. Оны бұл дәрежеге жеткізген – оның еңбексүйгіштігі мен ізденімпаздығы. Ешбір табыс өзінен-өзі келмейтіні жақсы білген ғалымның қағидасы – «Бейнетке – береке» болған. Ол алға қойған мақсатына тезірек жету үшін білімді билетіндерден танбай үйренген, үлкен ғалымдарды пір тұтқан, соларға ұқсауға тырысқан. Білмегенін білуге асығу оны дәйім ізденіске әкеліп отырған. Оның жаңалықты жаңындай жақсы көретін еді.

Ол Отанымыздың ғылымына өзінің лайықты үлесін қосып кетті. Оның есімі өзіміздің елде ғана емес, көптеген шет елдер ғалымдары арасында кең белгілі болды. Шығыстағы Кеңес республикаларынан бірінші КСРО Ғылым академиясының академигі болды. Бұл қазақ халқына үлкен абырой мен қуаныш әкелді, ғылыммен кеңірек шұғылдануға



талпындырды. Сөйтіп, Қ.Сәтбаев кеңес ғылымының аса көрнекті өкілі ретінде тарихтан өзіне тән лайықты орнын алды, халықтың өнегелі перзенті болып ұрпақтар есінде мәңгі сақталады» депті.

Нұртас Оңдасынов – Ғылым академиясының дербес құрылуына бірден-бір атсалысқан адам. Соғыстың жүріп жатқанына қарамай жаңа ғимараттың салынуына қаражат қарастырып, оның іргесі қаланғанда ырымдап: «Қазақ ғылымы күмістей таза болсын» деп, күміс ақша шашқаны мәлім.

Академик Қ.И.Сәтбаевтың көп қырлы талантының аса жарқын саласы – ғылыми жұмыстардың ұлы ұйымдастырушысы болды. Қаныш Имантайұлы халқына мұра болып қалған қазынаның ең салмақтысы – оның өзі негізін қалап, іргелі парасат ордасы, ұлттық мақтаныш, дәрежесіне жеткізіп кеткен Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясы болып табылады.

Қ.И.Сәтбаев ұйымдастырушылық жұмысқа 1941 жылы шақырылды. Бұған дейін ол Атбасар және Қарсақбай трестерінде геология бөлімінің жетекшісі және бас геолог қызметтерін атқарып, Орталық Қазақстанда көптеген кен көздерін ашып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де жан-жақты айналысып маман ретінде де, адам ретінде де кемелденген болатын.

Ол 1941 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының құрамындағы геологиялық



Қаныш Сәтбаев Қазақстан ғалымдары арасындағы ақылшы және тәрбиеші ретінде танылды. Ол геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық және қазақстандық деңгейдегі комиссиялар мен комитеттерде мүшелік және басшылық қызметтер атқарды. Сондай-ақ ол КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты, СОКП съездерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитет президиумының мүшесі болды

ғылымдар институтының директоры өрі осы филиал төрағасының орынбасары болып сайланды. 1943 жылдан филиалдың төрағасы қызметін атқарды. Сол жылы Қ.И.Сәтбаев геология ғылымын дамытудағы үздік жетістіктер үшін КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, ал 1946 жылдан толық мүшесі (академик) болып сайланды. Қаныш Имантайұлы сол кезде КСРО-ға кірген күншығыс республикалары халықтары өкілдерінен шыққан тұңғыш академик еді.

Қ.И.Сәтбаев Алматыға қызметке шақырылған кезде Қазақстанда Ғылым академиясын құру жөнінде мәселе қойылып, оған дайындық жұмыстары басталып та кеткен. Қаныш Имантайұлы осы жұмыстың бастау көзінде тұрды.

Қазақстанның Ғылым академиясын құру ісінің басы-қасында болған сол кездегі республика үкіметінің басшысы Нұртас Оңдасынов «Тұңғыш Президент» атты естелігінде: «Қ.И.Сәтбаев ғалымдығына қоса шебер ұйымдастырушы жан еді. Басшылық етудің өзіне тән айырмашылықтары мен қиыншылықтары болды. Басшы болу – білгенге мекнат, білмегенге қанағат. Қ.Имантайұлының ұйымдастырушылық қабілеті басқаларда сирек кездесетін құбылыс. Ол бұл қасиетін ғылым қасына келгенде бірден көрсетті. Қ.Сәтбаев жаратылысында өте алғыр, көздегеніне жетпей қоймайтын, қайда барса да олжасыз, құр қол қайтпайтын адам еді. Ол академия коллективін жаңа институтпен, жаңа лабораториямен, жаңа қондырғымен, сәтті қорғалған диссертациясымен, басқа да базарлықтармен дәйім қуантып отырған» деп жазған.

1946 жылғы 1 маусымда КСРО Ғылым академиясының (қазіргі ҚР Ұлттық ғылым академиясы) ашылуы республика өміріндегі аса көрнекті оқиға болды. Бұл тарихи оқиға Қазақстан ғылымының жаңа сапалық деңгейге шыққанының, маңызды мәселелерді шешуге қабілетті көптеген ғылыми кадрлардың өскенінің, ғылыми-зерттеу мекемелерінің айтарлықтай жүйесі құрылғандығының көрінісі болды.

Академияның алдында үлкен міндеттер тұрды. Мәселен, минералдық қорлар бөлімшесі республиканың табиғи байлықтарын геологиялық тұрғыдан зерттеп, Қазақстанның түсті және қара металлургиясының тау-кен және отын өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз ету міндеттерін шешуге тиісті болды.

1947 жылы наурыз айында Қ.И.Сәтбаев КСРО Жоғарғы Кеңесінің үкімет делегациясы құрамында іссапармен Англияға барды. Мұнда У.Черчилль мен К.Р.Эттлидің қабылдауында болды. Сол жылы 25-31 шілдеде Қазақстан Ғылым академиясы мен КСРО-ның Түсті металлургия министрлігінің бірлесіп ұйымдастыруымен Өскемен қаласында өткен «Үлкен Алтайдың» өндіргіш күштерін зерттеу мен игеруге арналған көшпелі сессиясын басқарды.

Қаныш Имантайұлы өмір жолында көп еңбектерді жарыққа шығарды. 1942 жылы Алматыға көшіп келгеннен кейін екі маңызды монографиясы жарық көрді. Олардың біріншісі – «Қазақстан мен Кеңес Одағының мыс құмдары» монографиясы, екінші монографиясы – «Қазақстанда қара металлургияны дамыту мүмкіндіктері туралы», Қазақстанның темір рудасы кен орындарының геологиялық сипаттамасын береді. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өзінің маңызды еңбегі «Жезқазған аумағының кен орындары» деп аталатын көлемді монографиясын аяқтайды. 1942 жылы бұл еңбегі үшін ол Мемлекеттік (сталиндік) екінші дәрежелі сыйлыққа лайық деп танылды. Бұл марапат, шын мәнінде, соғыстың ауыр күндерінде Қазақстанға арзан мыс өндіру арқылы үлкен үлес қосқан Жезқазған кен орнының құрметіне берілген.

Қ.И.Сәтбаев қырықтан астам ғылыми еңбек жазды, олардың бірқатары диссертациялық жұмыс ретінде танылды. 1942 жылдың 17 тамызында Жоғары аттестациялық комиссия оның жұмыстар жиынтығын бағалау мақсатында Қаныш Имантайұлына геология-минералогия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін берді. Ғалым минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау сияқты аймақтарға да айрықша назар аударып, олардың кен орындарының стратегиясы, тектоникасы, құрылымы, металлогениясы, геохимиясы және пайда болу тегі туралы терең зерттеулер жүргізді. Осы зерттеулері арқылы ол ғылымға формациялық металлогендік анализді кешенді әдісін енгізіп, Қазақстанның геологиялық ғылымында жаңа кезеңнің басталуына ықпал етті.

Қаныш Сәтбаев Қазақстан ғалымдары арасындағы ақылшы және тәрбиеші ретінде танылды. Ол геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық және қазақстандық деңгейдегі комиссиялар мен комитеттерде мүшелік және басшылық қызметтер атқарды. Сондай-ақ ол КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты, СОКП съездерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитет президиумының мүшесі болды. Оның еңбегі төрт рет Ленин орденімен, Екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері (1958) атанды.

Қорытындылай айтқанда, Қаныш Имантайұлы – 1946-1951 жылдары және 1955-1964 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының Президенті қызметін атқарған дарынды тұлға. Ірі ғалым. Қазақстан ғылымын дамытып, ғылыми мектеп қалыптастырған үлкен ұстаз болды. Ғалымның Қазақстан табиғат байлығын зерттеуде және оны ел игілігіне жаратуға еңбегі өте зор болды. Жалпы, Қаныш Имантайұлының атқарған еңбегі әлемдік деңгейде танылды.

Қанат ЕҢСЕНОВ,
Мемлекет тарихи институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор



Қаныш Сәтбаев пен Жұмабек Тәшенов шетелдік қонақтарды қабылдауда. Алматы қаласы. 1956 ж.

КӨРНЕКТІ ДИПЛОМАТТЫҢ ҚОС КІТАБЫ

Кеше Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Экономика ғылымдарының докторы, ҚР дипломатиялық қызметіне еңбек сіңірген қайраткері Сайлау Батырша-ұлының «Тәуелсіздік жолындағы дипломатия», «Дипломатия на пути к независимости» атты кітабының тұсаукесері өтті.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Кітапта Сайлау Батырша-ұлының өскелең өмір жолы мен дипломатия саласындағы қызметі баяндалады. Сондай-ақ қазақ халқының дипломатия тарихы мен КСРО және әлем дипломатиясы туралы мол мағлұмат беріледі. Кітаптың ең басты құндылығы ретінде кейіпкердің тәуелсіздік үшін күресіп, қазақ халқының егеменді ел болу талпынысын жүзеге асыруға азаматтық тұрғыдан атсалысып, оны абыроймен атқарып шыққанын атап айтуға болады. Кітапта ұлт тағдыры, тіл, дін, шеттегі қандастар жайы да көп мәселелер қозғалған.

– Мен Сайлау Батырша-ұлының бұл кітабын арнаулы алдырып, құнттап оқып шықтым. Дипломат ретінде мен де көп мағлұмат алдым. Бұл кітаптың іші толған дерек. Әсіресе, біздің тәуелсіздік жылдарындағы қазақ дипломатиясының жалпы жағдайы өте әділдікпен тамаша баяндалған, – деп мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанұлы ағынан ақтарылса, академик, филология ғылымдарының докторы Уәлихан Қалижан кітаптың форма жағынан да ерекшеленетінін айта келіп, 7 бөлімінен тұратын диалог-эссе кітаптың әр тарауын қысқаша талдап, сөзінің соңын «бұл қазақ дипломатия саласындағы аса құнды кітап» деп түйді.



Айта кетейік, Сайлау Батырша-ұлы Ташкент мемлекеттік университетінде, КСРО Сыртқы істер министрлігінің жоғары дипломатиялық мектебінде, Дамаск университетінің (Сирия) араб филологиясы факультетінде, Париждегі «Француз Альянсы» институтында оқыған. Мәскеу

мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтында кандидаттық диссертациясын қорғаған алғашқы қазақ. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университетінде және Ленинград мемлекеттік әлемдік экономика университетінде докторлық диссертациясын қорғаған.



«БЕЙБАРЫС» ҚАЙТА ЖАРЫҚ КӨРДІ

Елордада өткен «Astana Eurasian Book Fair 2024» халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінде «Бейбарыс» араб халық романының тәржіма кітабы таныстырылды.

Райхан
РАХМЕТОВА

Әдебиеттанушы-ғалым, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сауытбек Абдрахманов ана тілімізге ширек ғасыр бұрын тәржімалаған Дешті Қыпшақтың дара перзенті әз-Зәкір Бейбарыс сұлтанның ғұмырнаамасы туралы кітапты таныстыру рәсіміне қазақтың бүгінгі танымал белгілі зерттеушілері, тарихшылары мен жазушылары қатысты.

Іс-шараның модераторы, профессор Дихан Қамзабекұлы кітапқа халқымыздың дана перзенті, тарихтың терең білгірі,

әдебиет алыбы Әбіш Кекілбаев алғы сөз жазғанын жеткізді. Кітапта бала күнінде тағдырдың жазуымен қазақ жерінен, Атырау бойындағы беріш жұртынан Мысыр жеріне жеткізіліп, ерек ақылымен, бөлек намысымен, сирек қайратымен құлдықтан сұлтандыққа дейін көтерілген, Мысыр мен Сирияны 17 жыл бойы билеген, дін мұсылманды кірес керушілерден қорғап қалған әлемге әйгілі әмірші Бейбарыстың ғажайып ғұмыры қазақтың ауызекі әңгіме айту мәнерімен қызғылықты баяндалған. «Фолиант» баспасынан жарық көрген жаңа кітап туралы

оның тұсаукесеріне келген Әділ Ахметов, Қуаныш Жиенбай, Мәди Айымбетов, Шерхан Қазығұл, Шерубай Құрманбайұлы сынды әдебиет өкілдері осылай баға берді.

– Аударма авторының шығармашылық шеберлігін ерекше айта кетсек. Өздеріңізге мәлім, Сауытбек Абдрахманов – құйқалы, шүйгінді сөздің қадірін білетін қаламгер. Аудармашы қолданған «кескен теректей сұлаған», «құлақ кесті құл», «соқа басы сопайып», «кернейлетіп-сырнайлатып», «жанына сауға сұраған» деген сияқты басқа да жүздеген, мыңдаған сөз тіркестері оқырманды баурайды. Сәукең сондай-ақ ана тіліміздің заңдылығы мен араб сөздерін мүмкіндігінше тігісін жатқызып, қазақыландырған, – деді Д.Қамзабекұлы.

– Тілі өте қарапайым. Шолоховтың сөзі бар, сенің жазған шығармаң министрге де, етікшіге де түсінікті болу керек деген. Бүгінгі тұсауы кесіліп жатқан роман өте қарапайым, біз өзіміз батырлар жырын, ауызекі әңгімелердің барлығын құлақпен тыңдадық қой, сондай бір әуезді ерекше естігендей боп тұрасың, – деді жазушы Қуаныш Жиенбай. Ол сондай-ақ әлем таныған әміршінің есімін елордадағы Е.Гумилев атындағы маңдайды оқу орнына беру туралы ұсынысын айтты.

Кітаптың бір құндылығы – Әбіш Кекілбаевтың алғысөзі. Бұл алғысөзді оқудың өзі Бейбарыс туралы керемет мол мәлімет береді. Романның осымен үшінші рет басылып отырғаны кітап ғұмырының әлі де ұзақ боларын айғақтайды.



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



«АРМАН»

20 сәуір

19:00

Жастар театры



ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВТЫҢ
ӘН КЕШІ

21 сәуір

15:00-19:00

Астана филармония



БАЛЕТ КЕШІ

21 сәуір

18:00

Astana Opera



«WELCOME»

25 сәуір

19:00

Астана филармония



ӘН ЕРКЕСІ

27 сәуір

17:00

Астана филармония



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqrarat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №47

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС